Жаңа 2019 жыл құтты болсын!


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz || qazaquni2000@gmail.com || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || №52 (818), 28 jeltoqsan, 2018




## ЖЫЛ АДАМЫ – 2018

«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталының 2018 жылғы «Жыл адамдары» сараланды. Еліміздің еңселі болуы үшін еңбектеніп жүрген ел азаматтарының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларын атап өту мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан осынау жоба аясында оқырмандар қалаған тұлғасын таңдай алды.
Дауыс беру телефон сауалы, смс, электронды пошта хабарлары және әлеуметтік желі арқылы өткізілді.

8-9 бет

# ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРШАҒА БЮДЖЕТТЕН БІР ТИЫН ДА БӨЛІНБЕУІ КЕРЕК



Шығыс күнтізбесі бойынша жылдың басы наурыз айынан басталатыны баршаға белгілі. Табиғи және астрологиялық ғылым тұрғысынан алғанда ол өте дұрыс. Күн мен түннің теңелген, табиғаттың қайта түлеген тұсынан жылды ашу санаға сыйымды. Дегенмен, әлемнің басым бөлігі жылды қаңтар айында бастаған соң біз де бөліне алмаймыз. Жер шарын мекендеген өзге мемлекеттермен тығыз байланыста, түрлі қарым-қатынаста болғандықтан, жеке-дара бөлініп кету де мүмкін емес. Мәселе сол жаңа жылды қалай қарсы алуда болып отыр...

3 бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

## МИЛЛИАРДТАҒАН ҚАРЖЫ РЕСЕЙГЕ НЕГЕ КЕТУІ ТИІС?

«Ақ жол» фракциясы Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды міндетті таңбалау туралы заң жобасын қолдаудан бас тартты. Азат Перуашев мұндай заңды қолданысқа енгізу кәсіпкерлік қызметке теріс әсер етіп, тауарлар құнының өсуіне жол береді деп есептейді. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде мәлімдеді.

4 бет

## ЧТО ОЖИДАЕТ КАЗАХСТАН В 2019 ГОДУ?



Будут ли досрочные президентские выборы в Казахстане? Будет ли рост экономики? Какие опасности ожидают нашу страну и ее жителей в новом году? Отключат ли связь абонентам телефонов без регистрации IMEI, ИИН в начале 2019 года? Какие природные катаклизмы могут случиться в следующем году?

11 бет



Зікірия ЖАНДАРБЕК:

## АТА-БАБА САЛТЫНАН АЙНЫҒАНЫҢ – АЛЛАНЫҢ АҚ ЖОЛЫНАН ТАЙҒАНЫҢ, ҮКІМІН ОРЫНДАМАҒАНЫҢ!

5 бет

# СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ҮКІМЕТ ЖҰМЫСЫН СЫНАДЫ

**Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев үкімет ұсынатын заң жобаларының ұсынуда біркалыпты жүйе жоқтығын, сондықтан, күрделі заң жобаларын қысқа мерзімде қарауға тура келетінін айтты. Үкіметтің бұл бағыттағы жұмысына «өте нашар» деген баға берді.**



«Заң жобаларын Сенаттың қарауына ұсыну мерзімдеріне қатысты осындай келеңсіз жағдайлардың қайта орын алуына жол бермеу қажет. Осы мәселеге Үкіметтің назарын айрықша аударамын», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Парламенттің күн тәртібіне өте маңызды заң жобалары енгізіліп отырғанын, оның бесеуі Елбасының Жолдауларында айқындалған мақсаттарды орындау үшін әзірленген заң жобалары екенін еске салған Қ.Тоқаев «Елбасының тапсырмаларын орындауға жыл басынан бері жеткілікті уақыт болғанына қарамастан, бірнеше күрделі заң жобалары Сенатқа жыл соңында ғана бір пакетпен келіп түсті. Сенат депутаттары заң жобалары маңызды болғандықтан, аса қысқа мерзімде қарап, талқылауға мәжбүр болды», – деді.

Жыл сайын қайталанатын мұндай жағдай қабылданатын заңдардың сапасына оң ықпал етпейтіні белгілі. Мұндай келеңсіз жағдайлардың қайта-қайта орын алуына жол бермеу қажеттігіне Үкіметтің назарын айрықша аударған Қ.Тоқаев «Маңызды заң жобалары бойынша Үкімет Парламент палаталарымен алдын ала үйлесімді жұмыс кестесін белгілеп алғаны дұрыс», – деп ескертті.

# ТАРИФ ТӨМЕНДЕМЕЙ ЖАТЫП, АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫМБАТТАДЫ

**Елімізде тарифті төмендетеміз деп ақ тер-көк тер болып жатқанымызда сауда сөрелеріндегі азық-түлік бағалары бірден өсіп шыға келді. Әсіресе ет, қант, қызанақ, қияр мен орамжапырақтың бағасы негізсіз шарықтап кеткен. Бұған ашуланған премьер-министр қарамағындағыларына дүрсе қоя берді.**



Семейде ұн мен қанттың құны рекордтық деңгейге жетті. Халық көп тұтынатын азық-түліктің ішінде қымбаттағаны қант пен қырыққабат. Әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің бағаларын бір қалыпта ұстап тұру үшін әр өңірде арнайы комиссия құрылған. Бірақ, олардың бес тиын пайдасы жоқ. Нарық өз дегенін жасап отыр. Баға нарығына жауапты министрлік мәселені мойнынан сыпырып, әкімдіктерге сілтеп отыр. Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов тек қана үлкен кәсіпорындарды ғана бақылаймыз деп отыр. Азық-түліктің бағасы Үкіметтің бүгінгі бас ауруына айналды. Бағаның негізсіз өсуіне ешкім тоқтау салар емес. Бұл премьер-министр үшін қарамағындағыларға жекіп алуға бір себеп болды. Бақытжан Сағынтаев тұрақтандыру қорында азық-түлік қоры жеткілікті деген әкімдерге де Президент тапсырмасын орындамай отырсыңдар деп шүйлікті.

Баға неге өседі? Баға өскен сайын тұтынушылардың сатып алу мүмкіндігі төмендейді. Басты себеп – жергілікті билік тарапынан ешқандай бақылау жоқ. Бақылау болмаса көтерілген жалақы мен ешқандай тұрақтандыру қоры да көмектесе алмайды.

# МИНИСТР ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН АТАДЫ

**Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев Қазақстан үшін 2018 жылдың ең ауқымды әрі есте қаларлық үш оқиғасын атады.**



«Әлбетте, жыл жемісті болды, жеңістер мен жетістіктер молшылық. Қазақстанның шежіресі үшін 2018 жыл ерекше есте қалары айқын. Біріншіден, біздің елдің БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіне төрағалық етуін ерекше атап өтер едім. Бұл – жаһандық әрі геосаяси күн тәртібін белгілейтін әлемнің ең ірі халықаралық ұйымының басты органы. Сонымен бірге, бұл ретте өз Тәуелсіздігін бар болғаны 30 жылдай уақыт бұрын ғана алған мемлекеттің оны басқару мүмкіндігіне ие болуы – ілуде бір кездесетін жағдай. Бұл нені білдіреді? Бұл ең алдымен біздің елдің, Президентіміздің абыройын, көпвекторлы саясаттың тиімді екенін көрсетеді», – деді Абаев «Хабар» телеарнасындағы «Ашық диалог» бағдарламасында. Министрдің айтуынша, Қазақстандағы айтулы жаңалықтың екіншісі – Шымкент қаласының республикалық маңызға ие болып, Түркістан облысының құрылуы болып отыр. «Бұл ретте Мемлекет басшысы уақтылы әрі тиімді шешімді қабылдағанын атап өту керек. Бұл демографиялық саясат тұрғысынан да, экономикалық тұрғыда да тиімді шешім. Аймаққа инвестиция тартуда да өз пайдасын тигізері анық. Түркістанның бүкіл түркі әлемінің рухани ошағының бірі екенін ұмытпау керек. Түркістан – біздің елдің ең танымал әрі этномәдени бренді. Біз оны ары қарай дамытып, туристер үшін ғана емес, түркі әлемінің зерттеушілері мен тарихшылары үшін де танымал ете түсуіміз керек», – дейді Дәурен Абаев. Министрдің айтуынша, үшінші маңызды оқиға – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылуы. «Осы конвенция Каспий теңізінің жағасындағы бес мемлекеттің 25 жылдық келіссөзіне нүкте қойды. Бұл құжат аталмыш елдерге Каспий теңізінің ресурстарын колданып қана қоймай, ең алдымен Қазақстанның халықаралық шекарасын бекемдеуге нүкте қояды. Осынау тарихи құжат – Қазақстанның келешектегі буыны үшін аса ауқымды мұра болып қалады деп ауыз толтырып айтуға болады», – деді министр.

# БАСПАНАСЫН КЕШ ТІРКЕГЕНДЕРГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНБАЙДЫ

**Парламент Мәжілісінің депутаттары жылжымайтын мүлік иелері туралы мәліметтерді ашуды және пәтерді тіркеу кезінде алаяқтардан сақтану үшін блокчейн енгізу керектігін айтты. Үкімет сағатында ҚР Әділет министрі Марат Бекетаев тұрғындардың жылжымайтын мүлікті кешіктіріп тіркегені үшін айыппұл салудан бас тартуды ұсынды.**



Елімізде жыл сайын жылжымайтын мүлікке құқық беретін 1,7 млн астам құжат тіркеледі екен. «Келесі мәселе – бұл жылжымайтын мүлікті уақытында тіркемегені үшін әкімшілік жауаптылықты алып тастау. Бұл норма 2007 жылы салықтық әкімшілендіру және халықты жылжымайтын мүлікке өз құқықтарын тіркеуді мәжбүрлі түрде іске асыру мақсатында енгізілді. Өз кезегінде, мемлекет мүлікті заңдастыру бойынша екі акция өткізді, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін оңтайландыру жөнінде шаралар қабылданды. Нәтижесінде, соңғы жылдары осы құрам бойынша аздаған әкімшілік іс қозғалғандығы байқалды. Осыған орай жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу мерзімін өткізіп алғандығы үшін әкімшілік жауаптылықты алып тастау туралы мәселені қарау ұсынылады», – деді Марат Бекетаев жылжымайтын мүлік мәселесіне арналған Үкімет сағатында. Сол сияқты жылына 10 миллионнан астам электронды форматта анықтама беріледі. Бұл көрсеткіштер жыл сайын өсіп келе жатқанын жеткізді министр.

# ТӨРТІНШІ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ САЛЫНБАЙДЫ

**Елімізде төртінші мұнай өңдеу зауыты ақыры салынбайтын болды. 2030 жылға дейін ішкі нарықты толықтай қамтамасыз етеміз деген Энергетика министрі, жаңа жылдан бастап тіпті жанармай экспортын да арттырамыз деп отыр.**

Жанармай тапшылығынан көз ашпай, талай рет сөз естіген Энергетика министрі жыл басында төртінші мұнай өңдеу зауыты салынатынын айтқан еді. Бензин, дизель тіпті керосинге дейін шығарады делінген кәсіпорынның қашан және қайда салынатыны күзде белгілі болуы керек болған. Бозымбаев, енді аяқастынан төртінші зауыттың салынбайтынын мәлімдеді. «Үш мұнай өңдеу зауыты жанғырудан өткелі өндіріс артты. Ішкі нарықты 2030 жылға дейін жанармаймен толықтай қамтамасыз ете аламыз. Оның үстіне елімізде газдандыру жұмыстары жүріп жатыр. Сондықтан менінше, әзірге тағы бір зауыт салудың керегі жоқ. Яғни, қазір бензин артығымен өндіріліп тіпті қоймаларда толып тұр. Төртінші өндіріс орнын салуды шегере тұрып, экспортты арттыру қажет» – деді министр.

# ИМПОРТТЫҚ ЕТТЕН ҚАУІПТІ АУРУ ТАБЫЛДЫ

**Санитарлық дәрігерлер еліміздің бірқатар өңірінде емін-еркін сатылып жатқан импорттық өнімдерден сальмонелла мен ішек таяқшасын тапты.**



Тексеру кезінде Солтүстік Қазақстан облысында дүкендерде тұрған шұжықтан шамадан тыс натрий нитриті анықталған. Ал Қостанай, Ақмола, Жамбыл облыстарында тауық етінен сальмонелла мен ішек таяқшасы шыққан. Қауіпті ет өнімдері бізге Беларусь пен Ресейден келеді екен. Импорттық азық-түлікті жеткізушілер техникалық талап түгілі, тазалықты сақтамаған. Дәрігерлер Ресейдің «Восходящая звезда», «Омский бекон», «Сибирские колбасы», «Стародворские колбасы» компанияларының өнімдерін сатып аларда сақ болуды ескертеді. Қазіргі таңда қауіпті азық-түліктер сауда сөрелерінен алынып тасталып, кәсіпкерлер әкімшілік жазаға тартылды. Жаңа жыл мерекесі қарсаңында азық-түлік сатып алу мөлшері арта түсетіні белгілі. Сондықтан, тұрғындарымыз мамандардың ескертуін естен шығармағаны дұрыс.

# МЕКТЕПКЕ ЖҰМАБЕК ТӘШЕНОВТІҢ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

**Ақмола облысының Аршалы ауылындағы №3 орта мектепке қазақтың біртуар ұлы Жұмабек Тәшеновтің есімі берілді.**

Қазақ халқының тарихында есімдері алтын әріптермен жазылып қалған тұлғалар аз емес. Қиын кезеңдерде туған еліне ес болып, бағыт-бағдар көрсеткен, елі мен жерінің тұтастығының сақталуына, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына өлшеусіз үлес қосқан ерекше тұлғалардың бірегейі Жұмабек Тәшенов болатын.

«Жұмабек Тәшеновтің есімі ақмолалықтардың жадында мәңгі сақталған және жерлестері оны мақтан тұтады. Оның өмірі мен еңбек жолы келешек жастарға үлгі-өнеге. Тәуелсіздік алған жылдары тек бір ғана біздің облысымыздағы елді мекендердегі 10 көшеге Жұмабек Тәшеновтің есімі берілді. Енді міне өзінің туған жеріндегі мектепке есімін беріп отырмыз»,– деді аймақ басшысының орынбасары Айна Мысырәлімова. Шараға қатысушылар Жұмабек Тәшеновтің суреттері қойылған сыныпты аралап көрді. Бұдан соң «Жұмабек Тәшеновтің әлемі: тағдыр және баға жетпес мұра» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

**Шығыс күнтізбесі бойынша жылдың басы наурыз айынан басталатыны баршаға белгілі. Табиғи және астрологиялық ғылым тұрғысынан алғанда ол өте дұрыс. Күн мен түннің теңелген, табиғаттың қайта түлеген тұсынан жылды ашу санаға сыйымды. Дегенмен, әлемнің басым бөлігі жылды қаңтар айында бастаған соң біз де бөліне алмаймыз. Жер шарын мекендеген өзге мемлекеттермен тығыз байланыста, түрлі қарым-қатынаста болғандықтан, жеке-дара бөлініп кету де мүмкін емес. Мәселе сол жаңа жылды қалай қарсы алуда болып отыр...**

# ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРШАҒА БЮДЖЕТТЕН БІР ТИЫН ДА БӨЛІНБЕУІ КЕРЕК

Сырттан келіп орныққан, бүкіл әлемге таралған бұл мерекелік шараны бірден алып тасталық деп отырған ешкім жоқ. Қырық кісі бір жақ болғанда қыңыр болып көрінбей-ақ қоялық. Ондаған жылдар тұрмысымызға енген үрдісті ұмыттыру оңай емес. Бірақ бұл жерде де біздің асыра сілтеп жіберетініміз бар. Айталық, жаңа жылдық шыршаны ондаған жылдар бойы мезгілінен бір ай бұрын құрып әлем жұртшылығын таңғалдырып келдік. Керек десеңіз, Ресейдің өзінде шырша жаңа жылға бір апта, әрі кетсе он күн қалғанда орнатылады. Не керек, жұртшылық жылдар бойы айтып, басылымдар жазып, Тәуелсіздік пен Желтоқсан құрбандарын еске алу күнінен кейінгіге әзер сырғыттық. Өйткені, қазақ үшін айтулы қос мереке жаңажылдық шыршаның көлеңкесінде қалып қойды емес пе? Бізде егемені ел атанғалы Астана қаласының туған күнін есепке алмасақ, саяси және қоғамдық маңызы жоғары мерекелерге дәп осы Жаңа жылдағыдай дайындық болып көрген емес. Қай мерекеге бюджеттен, яғни халық қаржысы есебінен осыншама ақша бөлініпті? Жоқ, айта алмаймыз, тіпті ең басты, ең қастерлі деген Наурыз немесе Тәуелсіздік күніне де осыншама қаржы бөлінбейді. Ал жаңа жылдық шырша десе өңір басшылары оза шабады. Оған еліміздегі аймақтарда жаңа жылдық безендіруге қанша қаржы бөлгеніне қысқаша шолу жасасақ нақты көз жеткізуге болады. Алдынала айтып қоялық, осы мерекеге бөлінген қаржының тым көп, бұл ақшаны желге шашқанмен бірдей екенін айтқан көпшіліктің сынынан соң әкімдіктегілер тізгінді сәл де болса тартайын деді. Бірақ қаржыны ысырап ету әлі тоқтар емес.

Жаңа жылдық шыршаға шығындану жағынан Алматы қаласы алдыңғы орынды ешкімге берген емес. Оңтүстік астана бұрындар жүздеген миллионды ойланбастан жұмсаса, былтыр ұқыптылық, үнемдеу деген ұғымды еске алып, 175 миллион теңгені жаңа жылдың жолына құрбан еткен-ді. Халық наразылығынан қаймықты ма, биылғы жаңа жылдық безендіруге жұмсалатын қаражат көлемін тағы да қысқартып, 75 миллиондық межеге түсіріпті. Ресесіне дербес қала мәртебесіне ие болған Шымкент шаһары биыл оза шауып, өзгелерді шаңның астында қалдырғалы тұр. Қаланың жаңа мәртебесі масайратты ма, жаңа жыл қарсаңында тек қана көшелерді безендіруге қала бюджетінен 70 миллион теңге шығындалмақ. Кейбір дереккөздердің айтуынша бұл шараға 80 миллион теңге бөлінбекші. Қала әкімі Ғабидолла Әбдрахимов тіпті бұл соманы азсынатын көрінеді. 2015 жылдары Шымкентті басқарған уақытта оның Жаңа жылды тойлауға қарсы шыққаны ел есінде. Жақында Оңтүстік Корея астанасы Сеулге іссапармен барып қайтқалы реформашыл әкім өз ұстанымын түбегейлі өзгерткен секілді. Кезінде қала бюджетіндегі қаржыны үнемдеу үшін қызметкерлерін қызметтік көліктен қоғамдық автобустарға отырғызған Ғабидолла Әбдрахимовке бұл жолғы Сеул сапары кері әсер еткен сияқты. «Менің ойымша, 70 миллион үлкен қала үшін көп ақша емес. Басқа қалаларды көріңіздерші. Олар қалай безендіріп жатыр? Мен кеше Сеулге барып көрдім. Олар қаланы безендіру үшін 70 миллион теңге емес, 70 миллион доллар бөледі...» – деп шаһар тұрғындарын шабыттандырды. Сеул қайда, Шымкент қайда?! Экономикасы қарыштап дамыған оңтүстік кореялықтармен бізге жарысуға әлі ертерек шығар. Олардың әлеуметік-тұрмыстық деңгейі әлем бойынша алдыңғы орындардың бірінде тұр, жұмыскерлері бізге қарағанда ондаған есе жоғары жалақы алады. Әлде шымкенттіктердің де дәулеті тасып, әрбір тұрғыны баспаналы болып, астарына бір-бір «джип» мініп жүр ме? Аспандағы жұлдызға қол созбас бұрын астындағы табан тіреген тұғырына қарап алу керек қой. Бұндай «жаңашылдықты» қазақша қарапайым сөзбен айтқанда – дарақылық дейді. «Ораза, намаз – тоқтықта» деген екен аталарымыз. Тұрғындарының тапқаны тамағы мен коммуналдық төлемдерге жетпей жатқанда, даңғырлатып мереке жасауға ақша шашу жұмсартып айтқанда барып тұрған – ұқыпсыздық.



Бұның бір ғана шымкенттіктерге ғана емес, еліміздегі барлық аймақтардың басшыларына да тікелей қатысы бар. Әдетте әлеуметтік маңызы зор мемлекеттік бағдарламаларды орындауға келгенде бөлінген қаржыны дер кезінде игере алмай жататын, шабан аттай шалыс басатын әкімдер жаңажылдық шараға келгенде шиақ қимылдап, күздің басында тендер жариялап, тіпті миллиондарды игеретін компанияларды да алдынала белгілеп қойған көрінеді. Мысалы, жаңа жыл қарсаңында Атырау көшелері 89 миллион теңгенің әшекейлерімен безендірілмек. Павлодар – 40 млн., Ақтау – 14 млн., Ақтөбе әкімдігі 27 млн. теңгені осы мақсатта жұмсамақшы. Бұл неткен батпан құйрық, қаржыны қайда жұмсарымызды білмей жатқанымыз ба?

Атаулы шараға бір тиын да бөлмеген аймақтар да бар екен. Олар – Өскемен мен Петропавловск қалалары. СҚО басшысы жұмыла жасайтын шараға миллиондап ақша шашпаудың жолын тапқан секілді. «Көп нәрселерді балалардың, колледж студенттерінің қолымен істеуге болады. Мен әдейі қала әкімін осы жерге алып келіп, Астананың безендіруін көрсеттім. Ешқандай қиыншылығы жоқ, мұндай құрылғыларды әрбір колледждің шеберханаларында дайындауға болады» – дейді Құмар Ақсақалов. Бұл халық қаржысына жаны ашитын әкімнің сөзі. Аталмыш шараға былтыр да бір тиын бөлмеген әкім биыл да мерекені бюджет шығынынсыз, көпшіліктің көмегімен атқармақшы.

Шығыс пен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдіктерінің бастамасы кейбір өзге өңірлерге де енгізіле бастаған секілді. Бұл әрине құптарлық жағдай. Мысалы, жарияланған кейбір хабарларға қарағанда Астана қаласының әкімшілігі де биыл жаңа жылды тойлауға бір тиын бөлмейтіндігін мәлімдеген. Жасыл шырша орнату, мұз қалашықтардың құрылысы мен толып жатқан түрлі мәдени шараларды кәсіпкерлердің есебінен жүзеге асырмақшы екен. Әкімдік өкілдерінің айтуынша, бұған бизнестің өзі қызығушылық танытқан. Жаңа жылдық жобаларға қаржы құйып одан еселеп пайда табуды мақсат тұтқан кәсіпкерлер мұз қалашығындағы сырғанақтарды салып, шаналарды жалға беріп, оған қоса сусындар, ыстық шай мен тамақ сатып пайда көрмекші. Жұмысқа қызу кірісіп кеткен астаналық кәсіпкерлер жаңа жылға дайындыққа нақты қанша қаражат жұмсағаны белгісіз. Оны жариялауға да міндетті емес шығар, өйткені, қаржыны өз қалталарынан шығарып жатыр.

Ашығын айтсақ, бұл жаңалық емес, мұндай тәжірибе бұрыннан барды. Мерекелік шараларға кәсіпкерлер бұрыннан қомақты қаржы бөліп келген, әрине «ерікті-міндеттелген» түрде. Осы жерде мына бір күдікті айтуға тура келеді. Мереке кәсіпкерлердің күшімен атқарылса, сонда осы мақсатқа жылдар бойы бюджеттен бөлінген ақша қайда кетті? Жұмсалмаған қаржы деп оны қазынаға кері қайтарып па? Жоқ. Тағы да сол шенеуніктердің қанжығасында кетті. Елімізде қанша қала, қанша аудан бар. Қаншама жылдар қыруар қаржы бөлініп келді, есептеп көріңіз. Сол қаржыға қаншама баспана, қаншама мектеп, балабақша салуға болушы еді. «Ештен кеш жақсы» демекші, бұл бағалы бастама енді тоқтап қалмаса болғаны.

• *Дүбірлі дүние*



## ЯВА АРАЛЫНДАҒЫ АПАТ

Жаңа жыл қарсаңы Ява аралы жағалауының тұрғындары үшін тым қайғылы болды. Цунамидан болған табиғи апат елді есеңгіретіп тастады. Қатты зардап шеккен аймаққа барған Индонезия президенті Джоко Видодо цунамидің тағы да қайталануы мүмкін екендігін ескертіп, тұрғындар мен жергілікті билікті дүлей апат құрбандарын болдырмау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға шақырды.

Ресми мәлімет бойынша, өткен сенбі күні Индонезия жағалауында болған цунами салдарынан үш жүзге жуық адам қаза тауып, тағы 57 адам із-түссіз жоғалды. 3 мыңнан астам адам зардап шегіп, оның бір мыңы қауіпсіз жерге көшірілді. Дүлей апат болған жерлерде іздеу-құтқару жұмыстары жалғасып жатыр. Индонезия президенті цунамиді нақты болжау өте қиын екендігін айта келе, цунами болатынын ескертетін жүйенің барлық элементтері тексеріліп, жетілдірілетініне уәде етті.

## АЯЗ АТАЛАР АҚШАНЫҢ АСТЫНДА ҚАЛДЫ

Жаңа жыл жақындаған сайын Аяз Ата мен Ақшақардың қызметіне сұраныс артатыны анық. Ескі жылмен қоштасып, жаңа жылды қарсы алуға асыққан жұрт Аяз Атаның ақысын асырып төлеуге бар. Мысалы, экономикасы құлдыраған Украинаның өзінде Аяз Атаның еңбегі желтоқсан айында орташа есеппен бір жарым мың АҚШ долларына дейін жетеді. Тіпті, балабақшадағы жарты сағат қызметіне оннан жүз долларға дейін алатын көрінеді. Жаңа жыл түніндегі тариф бес есеге дейін артуы мүмкін. – Мысалы, Жоғарғы раданың депутаты шақырған болса және ол аса сараң адам болмаса, Жаңа жыл түніндегі тариф бес жүз долларға дейін жетеді. Корпоративке шақырылған Аяз Ата қызметінің құны екі-үш есеге дейін артық. Төлем корпоративтің уақытына да байланысты. Таңғы уақыт арзанырақ. 19 мен 31 желтоқсан аралығындағы Аяз Атаның жалақысы күн сайын шамамен жарты есеге өседі. Эстрада жұлдыздары да Аяз атадан қалыспайды, олардың қызметі он мың доллардан басталады.

## ЕРЕУІЛ ЕЛДІ ТАБЫСЫНАН АЙЫРДЫ

Француздық саудагерлер биылғы Рождество мерекесінің табыссыз болғанына реніжулі. Өйткені, елде бір жарым айдан бері жалғасып жатқан ереуілдер сауда-саттыққа кесірін тигізген. Олардың айтуларынша алдыңғы жылы желтоқсанда тапқан пайда жылдық табыстың 20%-ын құраған. Ал биыл оның жартысы да жоқ. Осыған байланысты Париж мэрінің өзі азаматтарға жергілікті өнімді сатып алуға үндеді. Бірақ тұрғындар көшеге шығып, базар аралауға қауіптенетін сыңайлы. Өйткені, шаһарда мерекелік көңіл-күй сезілмейді. Мәліметтерге қарағанда, Рождество қарсаңында әрбір француз кем дегенде жыл сайын 8 сыйлық алады екен. Париж және елдің барлық өңірлерінде өткен сары жилеттілердің ереуілі саудаға, жалпы ел экономикасына да кері әсерін тигізгені анық аңғарылады.

**2-3-бетті дайындаған**
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**



Азат ПЕРУАШЕВ:

# МИЛЛИАРДТАҒАН ҚАРЖЫ РЕСЕЙГЕ НЕГЕ КЕТУІ ТИІС?

**«Ақ жол» фракциясы Еуразиялық экономикалық одақта тауарларды міндетті таңбалау туралы заң жобасын қолдаудан бас тартты. Азат Перуашев мұндай заңды қолданысқа енгізу кәсіпкерлік қызметке теріс әсер етіп, тауарлар құнының өсуіне жол береді деп есептейді. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде мәлімдеді.**



Ол 2014 жылы Еуразиялық одақтағы әріптестеріміз таңбалау бойынша жоба әзірлеп бізге ұсынғанда фракцияның оны құптамағанын, тіпті қазақстандық келіссөз жүргізушілерге бұл мәселеге тыйым салуды ұсынғанын еске салып өтті.

«Алайда, үкімет оны жүзеге асыруды жалғастыра берді. Бұл пилоттық жобаның мерзімі 2016 жылы аяқталған болатын, бірақ оны орындаушылар неге екені белгісіз 2018 жылға дейін ұзартуын сұрады. Бұған біздің шенеуніктер тағы да келісті. Сайып келгенде, егер эксперимент сәтсіздікке ұшыраса, оны дереу доғарады. Екінші рет қайталамайды. Ал, енді келіп қаржы министрлігі бізге пилоттық жоба сәтті өтті деп отыр. Алайда, бұл дегеніміз – фактілерді бұрмалау», – деді депутат.

Осы орайда, «Ақ жол» партиясының төрағасы тауарларды таңбалауды енгізуге қарсы нақты аргументтерді жіктеп берді.

«Біріншіден, міндетті таңбалау мен төлемдерді енгізу – бұл бизнеске тағы да қосымша салық салу деген сөз. Оны мемлекеттің пайдасына емес, жеке коммерциялық компаниялардың мүддесі үшін енгізу ниеті таңғаларлық дүние. Бір нәрсені жақсылап түсінген жөн, тауардың бір өлшеміне таңбалауды енгізбек. Яғни, әр шұлықтың, жейде мен сүттің әрбір қорабын таңбалайтын болады. Қаржы министрлігі кәсіпкерлер үшін бір марка үш теңгені құрайды дейді, ал сол бизнестің өз есебі бойынша – 25 теңге. Неліктен қазақстандықтар бұл ақшаны әлдеқандай бір жеке компанияға төлеуі тиіс?», – деген сауал қойды Азат Перуашев.

«Ол халықтың күн сайын әр түрлі тауарлар сатып алатынын және оның тек бір ғана данадан емес екенін, соған сәйкес олар 25 теңгеден емес, 200-300 теңге күн сайын төлеп тұратынына» мысал келтірді.

«Ал, енді ойша сол ақша мөлшерін 18 миллион халықтың санына көбейтіп көріңіз. Әңгіме миллиардтаған қаражатта болып тұр. Оның бәрі таңбалаудың (маркировка) операторы – жеке меншік компаниялардың қоржынына түседі. Демек, осыншама ауқымды қаржы Ресейге кетеді, жобаға бастамашылық еткен компаниялардың мүддесіне жұмыс істейді», – деп түйіндеді депутат.



# «АҚЖОЛДЫҚТАР» ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

**Әскери үрмелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен «Ақ жол» ҚДП Алматы қалалық филиалының Кеңес мүшелері Республика алаңында Тәуелсіздіктің басты символына гүл шоқтарын қойды.**

«Ұлттық тәуелсіздік – Қазақстанның прогрессивті дамуының, елдің бірлігі мен гүлденуінің негізі әрі басты құндылығымыз. Алматы шын мәнінде «тәуелсіздік бесігі» болып саналады: мұнда тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуында айрықша рөл атқарған маңызды шешімдер қабылданған», – деп атап өтті «Ақ жол» партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы Нұрлан Жазылбеков.

Іс-шара аясында Алматы облыстық гарнизонының әскери қызметшілері шараға қатысушылар алдында салтанатты маршпен жүріп өтті.

Жиынға қала басшылығы, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар, жастар ұйымдары, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты.

# АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ШЕНЕУНІКТЕРГЕ ҚЫЗМЕТТІК БАСПАНА БЕРУДІ РЕТКЕ КЕЛТІРУДІ ТАЛАП ЕТТІ

**«Ақ жол» партиясы шенеуніктерге қызметтік баспана беруді ретке келтіруді талап етті – тиісті депутаттық сауалды Мәжілістің пленарлық отырысында Меруерт Қазбекова мәлімдеді.**

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ Б.Ә. САҒЫНТАЕВҚА

**Құрметті Бақытжан Әбдірұлы!**

«Ақ жол» фракциясы бұдан бұрын араны ашылған шенеуніктердің шектеусіз тәбеті мен олардың сән-салтанатқа деген құштарлығына бірнеше мәрте назар аударған болатын. Неліктен оның салық төлеушілердің есебінен төленуі тиіс екен.

Мәселен, әкімдіктерді айтпағанда, жергілікті жерлерде «кішігірім» бастықтар, колледж немесе облыстық филармония директорына дейін қымбат джип пен седан мінеді.

Әріден соң, биылғы жылы мемлекет есебінен қымбат пәтер алғандар туралы ақпарат бірінен соң бірі шығып жатыр.

Бір апта бұрын ғана Павлодарда аумағы 230 шаршы метр, құны 50 миллион теңгені құрайтын қызметтік пәтерге қатысты дау туған еді. Сондай-ақ, жалпы құны 226 миллион теңгені құрайтын бес пәтер сатып алынған.

Белгілі болғандай, бұл алғаш тіркеліп отырған факті емес, «айсбергтің шыңы» ғана.

Үстіміздегі жылғы қыркүйекте Атырау қаласының әкімдігі 58 миллион теңгеге жиһазымен қоса 5 бөлмелі тұрғын үй сатып алған.

Ал Өскеменде екі элиталық тұрғын үй нысанына 82 миллион теңге жұмсалды. Оның бір топтамасы – бұл төбесі төрт метр биіктікке жететін, ауданы 260 шаршы болатын құны 45,3 миллион теңгелік бес бөлмелі пәтер болса, екіншісі – 210 шаршыны құрайтын 37 миллионға бағаланған төрт бөлмелі пәтер.

Шымкенттің тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы «аса» жайлы 5 қызметтік пәтер сатып алу туралы хабарландыру берген. Әр пәтерге 43 миллион теңгеден бөлініп отыр.

Көкшетауда әкімдік 40 миллион теңгеге аумағы 145 шаршы метр 4 бөлмелі пәтер сатып алды.

Ал Батыс Қазақстан облысының Ақсай қаласында аудан әкімінің зәулім сарайын жөндеуге бюджеттен 24 миллион теңге бөлінген.

Тағы бір әкім, енді Алматы облысы Жамбыл ауданының, кең паркингі бар, аумағы 180 шаршы метр баспананы 35 миллион теңгеге сатып алуды жоспарлаған. Ал журналистердің ақпаратына сүйенсек, сол Ұзынағаш елді-мекеніндегі ең қымбат коттедж 20 миллион теңгеден аспайды.

Бұл тек баспасөз бен қоғамға ғана белгілі болған фактілер.

Еліміздің барлық қаласы мен ауданында мұндай деректердің қанша екенін тек болжауға болады. Сол нысандардың қайсысы өз бағасымен сатып алынғанын, ал қайсысының жоғарылатылған бағамен қымқыру үшін пайдаланылғанын кім білсін.

Осы орайда, мыңдаған қарапайым азамат ипотекасын уақытында төлеу үшін күн-түн демей еңбектеніп, көп нәрседен бас тартып жатқанда, тіпті «7-20-25» бағдарламасының өзі пәтерлердің құны бойынша шектеулер мен төлем міндеттілігін жүктейді, сәулетті тұрмысқа ұмтылған, ысырапшылдық пен астамшылыққа жол берген шенеуніктердің сынға ілігуі орынды.

Оның үстіне, мұндай нысандарды кейіннен жекешелендіруін оларда тұратын шенеуніктер, сондай-ақ өздері белгілеген талаптарға сай жеңілдікпен тұрғындардың есептен алып тастауға болмайды.

«Ақ жол» фракциясы мемлекеттің ақшасына шенеуніктерге қызметтік баспана әперуді бағa параметрлерімен және баспана аумағымен реттеу керек деп санайды. Бұл олардың өз қалауы бойынша іске асырылмауға тиіс.



Мәселен, «7-20-25» бағдарламасы бойынша дәл сол Павлодарда баспананың ең жоғары бағасы 15 миллион теңге болып бекітілген. Ал әкімдік пәтерді өзіне үш есе қымбат бағаға сатып алған.

Баяндалғанды негізге ала отырып, құрметті Бақытжан Әбдірұлы, «Ақ жол» фракциясы келесі шараларды қабылдауыңызды сұрайды:

1) Сатып алынатын қызметтік баспананың қарапайым ғана әдептілікті ұстана отырып, бюджет қаражатын ұқыпты пайдалануға сай келетінін анықтау үшін мемлекеттік органдар мен бюджеттік ұйымдарға тексеріс жүргізу. Мұндай баспананы жеке пайдалануға беруде жекешелендіру жағдайы мен талаптарын да қоса ескерген жөн. Тексеріс қорытындысынан Парламент пен қоғам да хабардар етілсін;

2) Заң мен этика талаптары сақталмаған заң бұзушылық фактілері анықталса, кінәлілерді жауапқа тарту;

3) Мемлекеттік қызметшілерді қызметтік баспанамен қамтамасыз етудің қатаң критерийлерін бекіту. Мәселен, «7-20-25» бағдарламасының параметрлерін негізге ала отырып немесе әр отбасы мүшесін тұрғын үй аумағымен қамту стандарттарын ескере отырып;

4) Ыңғайлы және кең тұрғын үй алғысы келген мемлекеттік қызметшілердің де құқығы қарастырылсын, мұндай жеке қалаулары өз қаражаты есебінен іске асырылсын.

**Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары**

№52 (818), 28 jeltoqsan, 2018

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

*«Қауіп қайдан, қатер содан!»*
*Қазақ даналығы*

# АТА-БАБА САЛТЫНАН АЙНЫҒАНЫҢ – АЛЛАНЫҢ АҚ ЖОЛЫНАН ТАЙҒАНЫҢ, ҮКІМІН ОРЫНДАМАҒАНЫҢ!



**Белгілі дінтанушы Зікирия Жандарбек соңғы апталарда бұқаралық ақпарат құралдарында «Сопылық тариқаттардың халықтардың дәстүрлі дінін қалыптастырудағы орны» және «Жаһандану үдерісінде талауға түскен қазақ болмысы немесе қазақ тағдыры не болмақ?» атты көлемді екі мақала жариялады. Ой жүгіртіп оқитын адам болса, бүгінгі күннің біраз өткір мәселесіне жауап берілген екен. «Сондай дүниелер оқылып жатыр ма?»**
**Біздің сұхбатымыз осы сауалдан басталды.**

– Білмедім... «Осы кісі көп жазып кетті, қайсы бірін оқи береміз?..» дейтін шығар жұрт.

**– Әңгіме сіздің көп немесе аз жазғаныңызда болмай тұр ғой... Біздің қазақ секілді өте еліктегіш, ерме, «қазақ бұзылып үлгермеген халық» деп Әлихан Бөкейханов айтқандай, жанының тазалығын өркениет әлі кірлеп үлгермеген, жұрттың бәрін өзіндей көретін, ақыл айтқан, кеңес берген жанның бәрі шынымен-ақ қазақтың қамын жеп айтып отыр ғой деп ойлайтын аңғалдығы өзімен бірге кететін халық үшін бұрынғы құндылық атаулы күйреген, жаңа құндылықтар қалыптасып болмаған, ең жаманы соны қалыптастырсақ екен деген мемлекет тарапынан жанын сала қимылдаған іс-әрекет байқалмайтын мынау аумалы-төкпелі «өтпелі кезеңнің» сағыздай созылып бітпей қойғаны өте ауыр тиіп отыр ғой...**

**Осыдан он үш жыл бұрын «Евразия. кз» апталығына берген сұхбатында жазушы Дулат Исабеков: «Мен тілден мың есе үлкен қатерді, сұмдық трагедияны көріп отырмын! Біздің бүкіл экономикамыз, ұлттық идеологиямыз, керек десеңіз ұлттың болашағы шетелдіктердің қолына өтіп бара жатыр. Тіліміз, дініміз мұның қасында... Арыстанның аузына түсіп бара жатқан қоян бір мүшемді сақтап қалайыншы деп әрекет ету керек пе, жоқ әлде өзінің өмірін түгел сақтап қалуға тырысу керек пе? Қазақстандағы шетелдік компаниялардың бізді басынғаны соншалықты, салық төлеуден бас тартып отыр. Олар біздің мемлекеттің қойған талабына пысқырып та қарамайды. ...Қазақстан үш күштің ортасында қалғалы тұр. Ресей, Америка, Қытай! Енді олардың арасында Қазақстан үшін талас басталады» деп еді.**

**Жазушы айтқан қауіп-қатерге өзіңіз «Жаһандану үдерісінде...» «...Қожа Ахмет Яссауи бабамыз иманнан ажыраған қоғамның тоқырауға түсіп, күйрейтінін, ойран болатынын ескерткен еді. Өкінішке қарай, бұл мәселеге қазіргі күні бас қатырып жатқан ешкім жоқ. Ең бастысы қазақ қоғамының осылай азғындап бара жатқанын көріп, сол тығырықтан шығатын жол іздеп жатқан, өздерін зиялы санайтындар арасында ауызбіршілік жоқ. Өйткені, олардың өзі түрлі тарихи, философиялық, діни бағыттар жетегінде жүр. Ең жаманы қазақ қоғамының рухани-мәдени көкжиектерін айқындауға тиіс қоғамдық ғылым салалары әлі қазақтың тәуелсіз тарихын да, философиясын да, ұлттық педагогикасын да қалыптастыра алмады. Ал, бұл бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп, белгілі бір нәтижелерге жеткен мамандарға қолдау жоқ. Нәтижесінде бүкіл қазақ қоғамы рухани тоқырау мен тығырыққа тіреліп отыр» деп, дәп басып көрсеткендей, діни алауыздық қосылды. Қай елді болсын, ыдыратуда адам баласы одан артық әдіс-тәсіл ойлап таппағанын айналдырған бірнеше жылда бытшыты шыққан араб әлемі тағы да бір рет дәлелдеп берген жоқ па? Дауға қалған «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деген кітапта: «Қыр астындағы жоңғардың соғысқа қапысыз дайындалып жатқан көріп-біліп отырып, үйреншікті жау ғой, не қыла қоярсың деп мән бермей, Құдай ұрып қалды ғой бізді» деп Қазыбек бек Тауасарұлы айтқандай, діни алауыздықтан төніп тұрған қатерді қалың қазақ көріп-біліп отырса да оған қарсы дайындық жасауға, әрекет жасауға қауқарсыз. Тіршіліктің қамынан, қайтсем бала-шағамды асыраймын, қайтсем аман қаламын, кредиттен қалай құтыламыннан аса алмай жүр. Бұл мәселені шешу үшін қандай әрекеттен, қай шетінен бастауымыз керек? Өзбектің үлгісін қолданамыз ба? Қысқасы, не істеу керек?**

– Иә, не істеу керек? Шиеленісіп қалған саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани мәселені шешуді бірінші кезекте руханиятты қолға алудан бастамай болмайды. Халқымыз бір бағытта ойлайтын, бір рухани құндылықты ұстайтын біртұтас қоғамға айналмай ештеңе шықпайды!

**– Жақсы, ол қандай рухани құндылық?**

– Біріншіден, бізде ислам бар. Құран мен Пайғамбардың (с.ә.с.) сүннеттер жүйесі бар. Екіншіден, бізде исламға дейінгі, Тәңіршілдік дәуірден бері сақталып келе жатқан әдет-ғұрып,салт-дәстүр жүйесі бар. Бұл жүйе исламдағы Яссауи салған жолға тұтасымен кірді.

**– Тоқтай қалыңыз! Қай нәрсені біз «мынау құндылықтар бізге Тәңіршілдік дәуірінен жеткен дүние» деп жаңылыспай айта аламыз? Ара-жікті қай белгісінен ажырата аламыз? Таңбасы қандай оның?**

– Оның таңбасы –қазақтың жеті аталық салтымыз. Бұдан асқан киелі, қасиетті дүние болуы мүмкін емес!

**– Тағы да тоқтай қалыңыз! Сіз жеті аталық салтымызды «Тәңіршілдік дәуірінен жеткен дүние» деп отырсыз. Ал, басқа азаматтар оны Тәлеуқабыл Өтейбойдақ оны Жәнібек ханға айтып, салт-дәстүрге енгіздірген дейді. Үшінші біреулер оны Тәуке хан тұсында жазылған «Жеті жарғыға» кіргізілген, өмірімізде сол уақыттан бері қана қолданылып келе жатқан дүние дейді. Кімге сенеміз? Дәлеліңіз қайсы сіздің?**

– Менің дәлелім – қазақтың қадым заманнан бүгінгі күнге дейін рулық-тайпалық жүйесі! Жеті аталық үлгі жұмыс істемеген жерде қазақтың рулық-тайпалық жүйесі де бүгінгі күнге жетпес еді.

**– Қазақ «сөздің өтірік-шынына қарама – қисынына қара!» деп өсиет еткен еді. Мына сөзіңіздің қисыны бар екен. Себебі, сол жүйені ұстамайтын қасымыздағы өзбек-тәжікте рулық жүйе жоқ екенін өзіміз күнде көріп жүрміз ғой. Тәңіршілдік діннен жеткен жазба дүние бар ма?**

– Жоқ! Ол біздің жан-дүниемізде әдет-ғұрып, салт-дәстүр түрінде сақталып жеткен, пайда болғанына төрт мың жылдан асқан көне дін.

**– Тәңіршілдіктің сенім-наным күйінде қалып қоймаған, дін болып қалыптасқан дүние екеніне қандай дәлеліңіз бар?**

– Оған дәлел – «Оғыз қаған» жыры. Онда былай делінеді: Өмірге жаңа келген Оғыз үш күн бойы ембей жатады. Неге? Ол өзінің туған анасына «Тәңірдің біреу екеніне сенбесең, мен сені ембеймін!» деп шарт қояды. Туа салып ешқандай сәби сөйлей алмайды ғой? Ал, Оғыз сөйлейді!

**– Оғыз қаған біздің дәуіріміз-ден қанша уақыт бұрын өмір сүрген?**

– Шамамен 4 мың жыл бұрын.

**– Оның өмірдегі прототипі кім?**

– Оны біздің ауыз әдебиетімізде Озған пайғамбар деп атайды.

**– Демек, ол қиссаларда айтылатын, Алла-Тағала адамзатқа жіберген деген 124 мың пайғамбардың біреуі болды ғой?**

– Иә. Және ең алғашқы пайғамбарлардың біреуі.

**– Тұран даласынан шыққан Заратуштра кім?**

– Отқа табынатын, таухидқа жатпайтын дін таратушы ғой ол.

**– Таухид дегеніміз не?**

– Алланың бір екендігін мойындау. Тәңірлік дін – таухидтік дін.

**– Озған пайғамбар мен Заратуштра екеуінің қайсысы бұрын шыққан?**

– Озған пайғамбар 500 жыл шамасындай бұрын туған.

**– Заратуштраны қай жылдары өткен деп жүрміз?**

– «Авеста» біздің дәуірімізден 1500 жыл бұрын жазылған. Тәңірлік дін одан арғы кезең.

**– Дәлел, тағы да дәлел, Зеке!**

– Оған дәлел – шежіре. Шежіре Қарахан Яфестің 10-ұрпағы дейді. Оның ұлы Оғыз қаған, демек, 11-ұрпағы. Нұх пайғамбардан соң шамамен 300 жыл кейін туған.

**– Сол 4 мың жылды қамтитын, бізге жеткен шежіре бар ма?**

– Бар.

**– Неше дана? Біреу, екеу... тоғыз?**

– Мәселе мынада. Біз өзіміздің тарихи шығармаларымызды өзіміз пайдалана алмай жүрміз. Кез-келген шежіре Алаша хан, басқаларды да Нұх пайғамбардың, басқаның пәленше ұрпағы деп жазады.

Құранда мынадай аят бар. «Біз – Нұхқа, Мұсаға, Исаға берген дінді саған да дін етіп бердік» дейді. Яғни, Алланың барлық пайғамбарға жіберген діні – бір ғана дін.

**– Онда неге діндердің арасында айырмашылық үлкен?**

– Діндерде айырмашылық жоқ, оның барлығы да монотеистік, Жаратушының біреу екенін жеткізген діндер. Айырмашылық – шариғатта.

**– Шариғат дегеніміз не?**

– Шариғат – Жаратушыны таныған әрбір халықтың салт-дәстүріне лайықтап жасап берген Алланың жолы. Әр халық өзінің Тәңірі берген табиғи ортасында өмір сүреді. Соған сәйкес оның әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, т.б. қалыптасады. Алла-Тағала Құранда: «Біз әрбір үммет үшін бір жеке-жеке шариғат-жол жасадық» дейді. Дін – жанға беріледі. Алла әрбір қауымға өзінің пайғамбарын жіберіп отырғандықтан, сол қауымға лайықтап шариғатты жасап беріп отырған.

**– Ол қай сүре, қай аятта жазылған?**

– «Маида» сүресі, 48 аят. «Ей, Мұхаммед. Саған Құранды шынайы түрде өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы етіп және оларға куә ретінде жібердік. Ендеше адамдар арасында Аллаһ-тағаланың өзіңе жіберілген Құран сөзімен билік ет. Өзіңе келген шындықты бұрмалап, олардың нәпсілік ойларына ерме! Біз сендердің әрқайсың үшін жеке шариғат жасап бердік. Аллаһ-тағала қаласа, барлығың бір-ақ үммет болар едіңдер. Бірақ, сендерге берілген жол-жобаларыңды, жағдайларыңды сынау үшін осылай етті». (Құран. Алматы, «Дәуір» баспасы, 2012 ж. 237-бет.)

Былайша айтқанда, сен араб тілінде түсірілген ислам дінін қабылдағаныңмен, арабтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын қабылдау саған жол емес. Алла тағала саған, қазаққа, тәжікке, үндіске, т.б. әрқайсыңа арнап жеке шариғат жасап бердік деп тайға таңба басқандай жазып тұр. Ал, Алла-тағаланың салып берген жолымен жүрмеу, өзіңнің ұлттық салт-дәстүріңнен айну – Алла-тағаланың үкімін орындамау деген сөз! Алла саған өз ықыласымен жасап берген киелі затты қолданудан бас тарту деген сөз. Ұлық Алла ол сені маңдайыңнан сипамайды, қайта маңдайыңнан қасқайтып тұрып ұрады!

**– Небір атағы жер жарған ұлттар жер бетінен жойылып кетсе, соның бірден бір себебі – ата-баба салтынан айнығаны, түптеп келгенде Алланың ақ жолынан тайғаны үшін десеңізші! Рахмет, Зеке! Айтарыңыз азаймасын!**

**Сұхбаттасқан**
**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

*(жалғасы бар)*

# ҚАЗАҚ ТІЛДІ ҚАУЫМ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ



**Алматы қаласында қазақ тілін тегін үйретіп жүрген «Alma Club» ұйымының негізін қалаушы Аман Кенжебайұлын қазіргі қазақ тілінің жағдайы жайындағы әңгімеге тартқан едік.**

– Демография тілдің дамуына қатты әсер етеді, ол өзгеріс 80-90 жылдары басталды, ал 2000 жылдары арта түсіп, анық көріне бастады, әсіресе, түрік халықтары қасында өмір сүріп жатқан қазақтар бірінші орында. Қазақтың орта жасы қазір 21-22 жас, ал еуропалық ұлттарды алатын болсақ ол: славяндар оның ішінде орыстардың орта жасы – 41. Яғни, бұл жерде ең жас ұлттар қатарына қазақтарды жатқызуға болады. Демек, болашақ – қазақ тілінде, болашақ қазақтарда. Еліміздегі демография көрсеткіштеріне қарасақ, Батыс пен Оңтүстік Қазақстанда демография өсуде, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе, Жамбыл облыстарында медицина дамып, сапасы жақсарып, өлім деңгейі де азайып отыр. Яғни, сол аумақтарда қазақша сөйлейтін халық көбейді. Бұрын қазақ тілінде сөйлейтін адамдар 40 пайыз болса, қазір 70 пайызды құрайды. Жылдан-жылға бұл көрсеткіштер өсіп жатыр, ертең ол көрсеткіштер 90 пайызға жетуі мүмкін. Кезкелген мемлекетте мемлекеттік тілдің өмір сүруінің негізгі принциптерінің бірі – тілді қолданушы қауымының көп болуы, қуантатыны, елімізде халық саны, оның ішінде – қазақ тілді қауымы өсуде. Ендеше, қазіргі таңда елімізде қазақтілділердің қатары көп. Миграцияны қозғайтын болсақ сыртқа кетіп жатқан өзге ұлт өкілдері көбінесе славяндар, ал Қазақстанға көшіп келіп жатқан ұлттардың бірі қазақтар. Яки бұл елде қазақ тілінде сөйлейтін халық көбейді деуге болады. Жастарды алатын болсақ, 0-6 жасқа дейін әлі мектепке бармаған қазақтар екен. Ал 1 сыныпта оқитын балаларды алатын болсақ, бұрынғыдай а, б ғана емес, тіпті и, к сыныптары да ашылуда, яғни, ол қазақша мектептерінің жетіспей жатқандығын көрсетеді. Осы қазақ мектептерінің жетіспегендігінен 1 сынып арасында бұрынғыдай 4 сынып емес, 12 сынып ашылуда. Осының бәрі қазақи қауым санының артуын білдіреді. Қазақ тілді қауым көбейуімен бірге білім сапасы да өсуде, қазіргі таңда қазақ тілінде ғылымның әр-түрлі саласындағы әдебиеттер қазақ тілінде жазылып, шығарылуда.

Өзім Ресейде туып-өстім, ол елде де қазақтар көп, оларды үш топқа бөлуге болады: біріншісі, – өкінішке орай, ана тіліміз бен салт-дәстүрімізді білмейтін, ұстанбайтын қазақтар. Оған ықпалын тигізген Ресейдің ұзақ жылдар бойы жүргізген саясаты. Ресейде жалғыз-ақ қазақ мектебі бар, оның өзін Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің көмегімен ашылған, және де бүкіл методика, әдебиеттер Қазақстаннан әкелінген. Екінші топ – олар өздерінің қазақ екенін жақсы біледі, қазақ тілінде сөйлейді. Бірақ өздерін Ресей азаматтары деп санайды. Үшінші топ – ана тілді, дінді, ділді құрметтеп, ұстанып, болашақтарын қазақ елімен байланыстырып, елге қайтып келіп жатқандар. Тарих деректері бойынша, қазақтардың мекендеген жерлері: Омбы, Алтай, Сібір, Астрахань, Орынбор, Сарытау болып саналады. Дін жағына келсек, көбінесе, ұстанатыны мұсылман діні. Бірақ арасында атеистер, тіпті, христиан дінін қабылдағандар да бар. Астраханьда тілдік жағдай енді-енді жақсарып келеді, өйткені, түрлі тілге байланысты клубтар ашылып, жастар интернет арқылы ақпарат алып, ана тілдерін үйренуде. Ал Омбы, Орынбор қалаларында қазақ тілінің ахуалы нашар. Сібір жұртшылығының қазақ елімен тарихи байланысы болғандықтан ол жақта тілдің жағдайы өте жақсы, өйткені, ол жақта қазақ еліне байланысты түрлі тарихи орталықтар бар. Сібір халқының біздің елде туыстары бар болғандықтан әрдайым Қазақстанмен тығыз байланыста. Жоғарыда айтып кеткен үшінші топтың көпшілігі елге көшіп кеткен. Ресейдегі қазақтардың толық саны белгісіз. Оны нақты айту қиын. Біреуі – 500 мың, біреуі – 600 мың, кейбіреулер 1 миллион дейді. Қазір қазақ тіліне деген қызуғышылық арта түсті, көп шетелдіктер меңгеріп алып жүр. Біз өз тарапымыздан Алматыда «Alma Club» атты қазақ тілін тегін оқыту курстарын аштық. Енді жуырда Астанада ашуды жоспарлап қойдық. Келешекте осылайша Қазақстанның барлық қалаларында ашқымыз келеді.

***

Тіл мәселесі елім деп соққан әр-бір жүректі толғандырады, ана тіліне селқос қараған адам надан десе болады. Тіліміздің бағын жандырмай отырған да өзіміз, осы Аманкелді сияқты өз еліне жанашыр азаматтарымыз көп болса, еліміздің болашағы үшін еш күманданбаса да болар еді.

**Қымбат КЕРЕЙБАЙ**
*Алматы қаласы*



**Өміржан ӘБДІХАЛЫҚҰЛЫ:**

## 30 ЖЫЛДА ТІЛ САЯСАТЫ ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ШЕШІЛМЕДІ

«Ширек ғасырдан бері тіл саясатын біржақты шешуге қаншама мүмкіндік болды, әлі де бар.

Саяси ерік-жігер, бәрінен биік тұратын мемлекет мүддесі дейтін нәрселер осындайда еске түседі. Тәуелсіздік дегеніміз, тіл тәуелсіздігі.

Ал біз қарапайым қоғамдық орындарда мемлекеттік тілде қызмет ала алмаймыз. Бұдан өткен қорлық бола ма?

«Заңда бәрі бар, құқыңызды қорғаңыз, талап етіңіз» дейді.

Ол заң бұлжымай орындалып тұрса, құқымды қорғаймын деп қалың қазақ петиция жаза ма?

Ал заңды қадағалаушы орган қайда сонда? Отыз жылда тіл тәуелсіздігіне жетпеу...

«Олар өздері сөйлегісі келмейді, орысша біледі, түсінеді, қоғамның өзіне байланысты» деп мемлекеттік тіл саясатына қазақты — қоғамды кінәлаудың қажеті жоқ.

Қазақ тілі — ширек ғасырдан астам уақыт күн тәртібінен түспей келе жатқан ең өткір саяси мәселе.

«Қазақ тілін сүйтейік, бүйтейік, сүйтсеңдерші, бүйтсеңдерші» деудің және жарнама іс-шаралардың түкке керегі жоқ. Мемлекеттік тілге саяси тәуелсіздік керек. Латын әліпбиіне өткеннен тіл тәуелсіз болып шыға келеді дегенге де күмәнім бар».

*Фейсбук парақшасынан*

## МУКАГАЛИ БОЛҒЫМ КЕЛМЕЙДІ

**Осыдан бірталай уақыт бұрын аты-жөнімді, тегімді ауыстыру үшін халыққа қызмет көрсету орталығына бардым. Өйткені, жеке куәлігім орысша толтырылған еді.**

Анығында, халыққа қызмет көрсету орталықтарының үш-төртеуіне барғанмын. Бәрі де жаттап алғандай, жекебас куәлігімен бірге жүргізуші куәлігін, туу туралы куәлік, жалпы, менде қандай құжаттар бар, соның бәрін түгелдей ауыстыруым қажеттігін айтып, істі қиындатып жіберді. Қысқасы, көп әуреге түстім. Сонда «Қазаққа қастандық жасау қашан тоқталар екен?!» деп қиналғаным да жасырын емес. Осындай кедергілерден соң аты-жөнін қазақ тіліне ауыстырғысы келген мыңдаған, миллиондаған азаматтар қолдарын бір сілтеп, осындай мекемелерге екінші қайтып оралмастай болған да шығар. Бірақ мен қыңбадым. Тиісті мекемелердің табалдырығын тоздырып жүріп, жеке куәлігімді қазақша жаздырып алдым. Өзім секілді өзге замандастарыма да осылай істеңіздер деп кеңес беремін.

**Мұқағали БАЛҚЫБАЙ**





**Әділбек ҚАБА:**

## Ұлт тіліне көшіңдер, Осы болсын талабың!

Оу, Арсыздар!
Екіжүзді! Оңбағандар!
Ішінде бәрің барсың,
Тілімді қорлағандар!
Биік – биік мінберден,
Ала шұбар тілдермен,
Туған тілін өзінің,
Қорлағанды кім көрген?!
Тарихтан талай зіл көрген,
Қиын-қиын күндерден,
Азаттыққа жеткенде,
Сорлағанын кім көрген?!
Кешегі бабаң кім еді,
Елінің болған тірегі,
Асан Қайғы, Қазтуған,
Жыраулардың тілі еді.
Тіл- Ұлтыңның жүрегі,
Ұлт-Азаттық тірегі.
Доспанбет пен Шалкиіз,
Шайырлардың тілі еді.
Тілімен Қазақ Ұлы еді,
Тілі бай елдің бірі еді,
Ақтамберді , Бұқарды,
Жатқа айтып жүр еді.
Биліктегі ұрпақ легі,
Өз тілін қашан сүйеді?
Абай мен Жамбыл тілі еді,
Қазақ деп соққан жүрегі!
Құрметтеген бұл елі,
Энциклопедия бір өзі,
Қанышпенен Марғұлан,
Ғылым жайған тіл еді.
Тоқтағанша жүрегі,
Тілі болып сүйері.
Мұқағали, Қасымдар,
Жырын жазған тіл еді.
Аға ұрпақ біледі,
Кітаптарын сүйеді.
Кешегі Кеңес кезінде,
Тіліміз әлі тірі еді.
Айтылғанмен үнемі,
Еліміздің жүрегі,
Астанада көп жиын,
Өзге тілде жүреді.
Қаланың мектеп түлегі,
Тілін шала біледі.
Үйінде де сыртта да
Шулдірлесіп жүреді.
Табылмай тұр бір емі,
Рухың неткен құл еді.
Көп қазақтың отбасы,
Бір-ақ тілді біледі.
Болса да Қазақ сүйегі,
Өзгеге басын иеді
Бабалардың атпай ма,
Аруақтары киелі!
Қазақсың ба, қарағым,
Ұлт мүддесі дара мың!
Ұлт тіліне көшіңдер,
Осы болсын талабың!
Өмірде қалса бір күнің,
Жеткіз! Жұртқа ұлт үнін!
Әрқайсың қазақ үлес қос,
Жойылғалы тұр тілің!

*«Қазақ үні»*

**Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың жақында жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы мен одан ертерек жарияланған «Рухани жаңғыру» ұлттық жобасымен етене таныса отырып, сол сарынмен үндес ойларыммен бөлiскiм келдi. Әлбетте, жоғарыдағы мақалада айтылған мақсат-мiндеттердi бiрер күнде орындау мүмкiн емес. Оның үстiне Нұрсұлтан Әбiшұлы айтқандай, аталмыш жоба қатардағы науқандардың бiрiне ғана айналып кетпеуi керек. Демек, бұл тұста бiрнеше жылдық жүйелi еңбектiң меңзелiп отырғаны ұғынықты. Бүкiл әлем бiздiң Қазақстанның атын бiлгенмен, неліктен тұтас ел мәдениетiн, өзiндiк болмысын әлi де бiле бермейдi? Осы бiр мәселенiң түп-төркiнiне көз жүгiртсек.**

# ӘЛЕМ ХАЛҚЫ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІН ТАНИ МА?



Бiздiңше, алғашқы әрi негiзгi себеп – тарихымызда орын алған iрi-iрi трагедиялармен байланысты. Айталық, басты күрделiлiк – Қазақ хандығы толыққанды мемлекет ретiнде XV ғасырда құрылып бiттi. Сол кезеңде Еуропа елдерiнiң дамуының шарықтау шегi белсендi түрде жүрiп жатты. Ал Үндi, Қытай, Парсы елдерi өзiнiң өркениетiн бiрiншiден қалаға негiзделген экономикадан бастаса, екiншiден тауар айналымы бiздiң дәуiрiмiзге дейiн басталған-тын. Мiне, осы жағдаяттарды ескере отырып, бiздiң мемлекеттiң бiрнеше салалардан кенже қалғандығын осыдан-ақ аңғаруға болатындай. Оған қоса Жоңғар шапқыншылығы бiздiң бастауымызбен орын алмаған-ды. Дегенмен, елдiң мәдени дамуын және өркендеуiн едәуiр тежедi. Ал Ресей империясының Орта Азияны отарлау кезеңiнiң зардаптары турасында тiптi айтпаса да түсiнiктi. Бұл – бiрiншi себеп. Ендi екiншi себепке келсек, ол – алдымен, тәуелсiздiк жылдарында ойымыздағы қарқынмен қазақ тiлiнiң қоғамның барлық құрылымын бiрiктiрушi күшке тиiстi деңгейде айналып кете алмауы. Яғни, тым болмаса қазақтар арасында мемлекеттiк тiлдi толыққанды меңгеруге әлi де ұмтылып келемiз. Елбасымыздың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессiн!» деген пiкiрi осыдан туындаса керек-тi. Ал тiл мәселесi бар жерде, мәдени дiлгiрлiктер болуы заңдылық.

Жоғарыдағы мәдени-әлеуметтiк қиындықтарды қалай жылдамырақ шешуге болар едi? Ең алдымен, қазақ тiлiнiң бiрыңғай және стандартталған ресми оқулығы қажет. Сондай-ақ, сол оқулық (оның iргетасы болған бағдарлама) барлық деңгейде барша оқу орындарында белсендi түрде пайдаланылып, кеңiнен қолданыла бастауы шарт. Солай ғана бiзде бiртiндеп ұлттық мәдениетке ыңғайлы тiлдiк орта қалыптасады.

Президент атап өткендей, бiздiң басты ұстанымдардың бiрi – патриоттық сезiм және дәстүрлi құндылықтар болуы ләзiм. Сонымен қатар, бұл ұстаным тым болмаса министрлiктерден бастап дұрыс мағынада түсiндiрiлiп, жоғары лауазымда отырған қызметкерлердiң ой елегiнен өтуi тиiстi. Бұл үрдiс қандай жағдаятта мүмкiн болады? – «Қазақ мәдениетi қандай болуы керек?» деген сауалға нақты жауап табылған жағдайда! Демек, әңгiме бiздiң ұлттық мәдени кодтты анықтауда болып тұр! Осыған күш салсақ.

Бiзге бүгiнгi заманға сай етiп халық дәстүрлi музыкасын, жалпы халық ауыз әдебиетiнiң сан алуандығын, тарихи маңызы бар ұғымдар мен географиялық нысандарды, ұлттық мәдени бейнелер һәм кейiпкерлер, тарихи ұлы тұлғалар мен нышан-символдарын аса сауатты және заманға сай жаңашыл формада насихаттап үйрену қажет болар. Демек, ол насихат тек қана ұраншылдық сарынменшектелiп қалмауы керек.

Осы iспеттес мәселелердi өзге халықтар қалай шешiп жатыр? Мысалы, АҚШ-тың Голливудында американдықтың және Американың бейнесiн жағымсыз жағынан көрсетуге ресми түрде тиым салынған. Әлбетте, аталмыш жайт ашықтан-ашық айтылмаса да, өте қатаң орындалады. Бұл – кейбiреулер ойлайтыннан дай – американдық әлеуметтiң «мақтаншақтығы» ғана емес, мұнда өте ойлы әрi дұрыс мәдени саясат жатыр. Сол арқылы өскелең ұрпақ терең патриоттық үлгiде тәрбиеленедi. Ресейде жағдай одан нашарлау болғанымен, мысалы, Пушкин немесе Толстой тұлғасы кейде құдды бiр «әулие аралау» iспеттес сарыннан кем емес көпшiлiк формада насихатталып жатады. Яғни, Мәскеудiң қасындағы Пушкин мұражайүйiне қарай жыл сайын ондаған емес, жүздеген адамдар жиналады (оның арасында шетелдiктер де көп). Ал Францияны алсақ, ол жақта Лувре бару немесе Наполеонның мұражайына бару мектеп оқушылары үшiн кейде «Макдональдске» барудан маңыздырақ және қызықтырақ тәрiздi болып көрiнедi. Бұның бәрi жақсы ойластырылған және жоғары деңгейде ұйымдастырылған мәдени саясаттың жанама белгiлерi.

Иә, әрине, жақын арада Жидебайдағы Абайдың не болмаса Шәкәрiмнiң мұражайларына бiз тура ЭКСПО-ға жиналғандай жұрттың көлемiндей халық жинауға мүмкiндiгiмiз әзiрше жоқ. Ол – рас, және әзiрге Голливудтағыдай әр киностудияға бiр-бiр үлкен шенеунiктен қойып қоя алмаймыз. Тағы да Алматыдағы Опера және Балет театрына күнде-күнде оқушыларды апарып тұруға да мүмкiндiгiмiз бола бермесi белгiлi. Сондықтан бiздiң мәдени саясат басқаша жолдармен жүзеге асуы керек!

Бiз – көп ұлтты мемлекетпiз. Әрi дәл бiрұлтты Жапониядағыдай бiртектiлiк пен бiрсарындылыққа қол жеткiзе алмаспыз, оған ұмтылмауымыз да керек. Бiздiң негiзгi екпiн ұлтшылдыққа емес, азаматтық ұлтсүйгiштiкке негiзделгенi жөн секiлдi. Мәселен, егер сiз (қай ұлттың өкiлi болмасаңыз да) Американың ресми азаматтығын алғыңыз келсе, онда сiз мiндеттi түрде (солардың ата заңына сәйкес) американдық мемлекеттiк туға ант етуiңiз керек болады. Басқа жолы жоқ. Бұл – азаматтықты «нация» деңгейiнде олардың ұғынуының көрiнiсi. Кейбiр азаматтар келiспеуi мүмкiн: «Германияда түрiк болсын, еврей болсын тағы басқа ұлт өкiлi болсын, кiмсiң деген сұраққа «германиялықпын» деп емес, «немiспiн» деп жауап бередi ғой» деген мысалды алға тартуыңыз мүмкiн. Ол бiр жағынан дұрыс та шығар, алайда жүз пайыз немiс немiсше сөйлейдi емес пе! Ал бiз тiл мәселесiн толықтай шешпей жатып, басқа ұлт өкiлдерiне «қазақстандық» емес, «қазақпын» деп айтқыза алмаймыз. Бұл жерде асығыстыққа жол жоқ.

Мұнда келесi тәсiл керек шығар: балабақшадан бастап, докторлық диссертацияны қорғауға дейiнгi аралықтың барлығын толыққанды қамтитын ұлттық бiлiм жүйесi қажет. (Финляндияның өз ұлттық бiлiм жүйесi бар, Қытайдың өз ұлттық бiлiм жүйесi бар және т.б.). Бұл тек қазақ тiлiнде ғана оқыту емес, бұл тура сол үш тiл арқылы-ақ ұлттық құндылықтарды және төл мәдениеттi нәзiк түрде (этнопсихологияны толықтай ескере отырып) насихаттау. Яғни, сен «Абай жолын» оқуға мiндеттiсiң деп емес, «Абай жолының ең қызық тұстары қандай?», «Абай жолының жазылу тарихы қалай жүрдi?», «Мұхтар Әуезовке Абай жолы романын жазу идеясы қалай келдi және қалайша жүзеге асты?» деген сынды қызықтыратын сұрақтарды алға қою арқылы үйретсек, онда ертең отансүйгiш әрi сауатты азаматтардың бiр демде қалай арта түскендiгiн аңдамай қалар едiк. Бұл бiлiм саласына қатысты.

Ал өнер саласына келсек, жауыр болып кетсе де, тағы қайталап айтайық: Қазақстанның әр қаласында бiр жаңа ұлттық киностудия ашу керек, ол киностудия дәлме-дәл «Қазақфильмдей» алып мекеме болмаса да, жас сценарист, жас режиссер және басқа да жас шығармашыл мамандардың екiншi үйiне айналатын шығармашыл орта, жеке бiр өнер ордасы сыңайлы болуы тиiс. Әйтсе де, жастарға жол деп бұл үрдiс бақылаусыз және реттелмеген күйде қалмауы керек. Керiсiнше, жергiлiктi бюджеттен берiлген әр тиынды тиiстi өз орнына жұмсалуын қатаң қадағалай отырып, Қазақстан халқының рухани жаңғаруына жағымды ықпалын, өзiндiк оң септiгiн тигiзерлiктей фильмдер түсiрiлуi үшiн арнайы көркемдiк сараптамадан өтiп отыруы қажет. Кейбiреулер бiзде цензура болмауы тиiстi дегенге келтiрiп, қарсы шығуы да мүмкiн. Әйткенмен, бұл шығармашылықты шектеу мақсатында жасалмайды, керсiнше шығармашылық деңгейiн және сапасын шыңдау мақсатында құрылған тиiмдiрек әдiс екендiгiн мойындайық. Оның үстiне ол сараптама мүшелерi тек мемлекеттiк қызметкерлер ғана емес, ең үздiк жазушылар, режиссерлер және сыншылар болмақ. Осы жолға түсе алсақ, сөзсiз қазiргi фильмдердiң сапасы мен мазмұны күрт өсiп кетер едi. Сарапшылардың талаптарының арасында тек «бейәдеп» кадрлардың болмауын ғана емес, жаңашыл, бiрегей әрi тың идеялардың бар болуын талап етiлетiнiн де ескерген жөн. Мәселен, Қытайдың, АҚШ-тың, Израильдiң барлық киностудияларындағы продюсерлерiнiң екi басты талабы бар: ұлтты кемсiтетiн кадрладың болмауы және кинотуындының жарамсыз деңгейде болмауы. Егер фильм аталмыш екi талаптың бiрiне сай келмесе, ол фильм ешқашан жарық экранға немесе ғаламтор бетiне шықпайды.

Жоғарыда айтқандарымды қорытындылай келсем, мәдениет – өте күрделi сала. Ал жеке мемлекеттiң ұлттық мәдениетi одан да күрделiрек ұғым. Экономика ғана емес, мәдениеттiң де даму деңгейi сол ұлттың қаншалықты деңгейде өркениеттiлiгiн не өркениеттi еместiгiн айқындап бередi.

Мен жасаған бiрiншi қорытынды: ұлттық мәдениеттiң болуының ең басты шарты – ұлттық тiлдiң болуы және сол тiлшын мәнiнде күндiлiктi тәжiрибе жүзiнде мемлекеттiк тiл болуы шарт. Екiншi қорытынды: әр мемлекеттiң өзiне ғана тән iшкi мәдени саясаты болуы керек. Онсыз мәдениет қалай және қай жаққа қарай бағыт алу қажеттiгiн бiлмей адасып қалады. Сондықтан, бүгiнгi ең озық мемлекеттердiң әрқайсысы өзiнiң төл мәдениетiн сақтап, дамытпаққа жан-жақты әрi ұдайы ұмтылуда. Және мұны өздерiнiң бәсекеге қабiлеттiлiгiнiң басты шарты ретiнде көпшiлiгi қабылдайды. Сол себептi, бiзге де ұлттық мәдени саясатты қалыптастыру қажет. Бәлкiм, соңғы кезде қолға алынып жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ол жағынан қазақ қоғамының алдынан көптеген мүмкiндiктерге жол ашар. Тек сол мүмкiндiктердi өз орнымен сауатты түрде әрi тиiмдi жолдармен пайдалана алсақ екен. Үшiншi және ең басты қорытынды: ұлттық мәдени жаңғыру – сәттi орын алу үшiн ол ортақ әлеуметтiк келiсiмге негiзделуi керек. Бұл дегенiмiз, әр халықта өзiнiң ең асыл санаулы ұлттық құндылықтары болады және осыған орай сол елде толықтай бұлжымас келiсiм орын алған деген сөз. Мысалы, Израильде екiншi дүниежүзiлiк соғыстың зардаптары сөз жүзiнде ғана емес, iс жүзiнде де шынында да КИЕЛI ҰҒЫМ. Себебi, Гитлер жер бетiнен еврей халқын толыққанды жоюға сәл-ақ қана қалған едi. Сондықтан, олар үшiн бұл тарихи ауыр тақырыптың өскелең ұрпаққа дұрыс жетуiне, саналарына мейлiнше терең сiңiрулерiне әр азамат айрықша ден қойып, жiтi қадағалайды. Яғни, осы мәселе бойынша ол жақта әлеуметтiк келiсiм бар деуге әбден болады. Ал бiзде сондай деңгейде қастерленетiн ауқымды тақырыптар бар ма? Мiне, мұндай тақырыптар бiрнешеу: Ұлы Отан соғысы, тоталитарлық жүйе тауқыметi (ашаршылық, репрессиялар), тәуелсiздiкке қол жеткiзу бақытын қастерлеу, мiне осы төңiректерде толықтай әлеуметтiк келiсiм болуы тиiстi. Және де әрi қарай да осыны қамтамасыз ету керекпiз!

Осыған орай менiң тiлегiм – тек АЛЖИР мемориалы мен Алматы қаласындағы Отан қорғаушылар монументi ғана емес, сонымен қатар, қайталанбас ұлттық өнер, бiрегей ұлттық мәдениет және шұрайлы да терең сауатты мемлекеттiк тiлiмiз барша елiмiздi бiр арнаға тоғыстырып, бiрiктiре алса екен. Мiне сонда ғана бiздiң төл мәдениетiмiздi өзге ұлттар (олар қай құрлықта болмасын) танып қана қоймай, құрметтер едi. Күндердiң бiр күнiнде бiздiң Абай мұражайына Мәскеудегi Пушкин мұражайынан кем емес халық жиналар, төрткүл дүниеге әйгiлi Ұлы Қытай қорғанының фотобейнесi сықылды көне Тараздағы Тектұрмас кесенесiнiң бейнесi әр журнал беттерiнде тұрар, ал бiздiң Хан шатыр Эйфель мұнарасы сияқты әлемнiң әр оқушысына да белгiлi болар. Тек ол үшiн бiздер өз мәдениетiмiздi басты ұлттық құндылықтарымыздың бiрегейi ретiнде және мемлекеттiк рәмiздердiң бiрi iспеттес қабылдай бастауымыз қажет.

**Риза ЫСҚАҚ**

# «Қазақ үні» газеті мен «Qazaquni.kz» ұлттық порталының Жыл адамдары

*«Қазақ үні» газеті мен Qazaquni.kz ұлттық порталының 2018 жылғы «Жыл адамдары» сараланды. Еліміздің еңселі болуы үшін еңбектеніп жүрген ел азаматтарының жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларын атап өту мақсатында дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан осынау жоба аясында оқырмандар қалаған тұлғасын таңдай алды.*

*Дауыс беру телефон сауалы, смс, электронды пошта хабарлары және әлеуметтік желі арқылы өткізілді. Арнайы құрылған Сарапшылар алқасы 2018 жылдың үздіктерін анықтады.*

*Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 27 жылдығы мен Астана қаласының 20 жылдығына орай таңдалған «Жыл адамы – 2018» байқауының жеңімпаздарымен таныс болыңыздар!*

**ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ОҚИҒАСЫ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БҰҰ ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНЕ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТУІ**

**ЖЫЛ ЖЕТІСТІГІ – ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ҚАБЫЛДАНУЫ**

**ЖЫЛ ДАТАСЫ – АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ**

### ЖЫЛ ЖАЗУШЫСЫ – МАРХАБАТ БАЙҒҰТ



Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Мархабат Байғұт шығармалары оқырман қауымға кеңінен танымал. Жазушының «Қазақ үні» порталы мен газетінде де шығармалары тұрақты жарияланып келеді. Оқырман қауымның биылғы жылдың үзік жазушысы ретінде Мархабат Байғұтты таңдағаны, халықтың өз жазушысын іздейтіндігін көрсетеді.

### ЖЫЛ АҚЫНЫ – ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ мен СҰРАҒАН РАХМЕТҰЛЫ





Қазақ поэзиясында өз өрнегі бар Ғалым Жайлыбай биыл оқырман қауымға «Қара орамал» атты іргелі туындысын ұсынып, әдебиет сүйер ортаның ыстық ықыласына бөленді. Швециядағы Еуразиялық Шығармашылық Гильдиясы және Herdforshire Press баспасы ұйымдастырған VI-Еуразиялық ашық әдеби байқауда, поэзия номинациясы бойынша ақынның «Қара орамал» поэмасы үшінші орын алды. Сонымен қатар, ақынның Қарағанды, Жезқазған қалаларында 60 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өтті.

Дарынды ақын Сұраған Рахметұлы биылғы жылы Астанада шығармашылық кешін өткізіп, халық алдында есеп берді. Елорданың төрінде өткен кеш өзінің көркемдігімен, мәнді сарынымен көпшіліктің көңілінен шықты.

### ЖЫЛ САЯСАТКЕРІ – АЛИК ШПЕКБАЕВ



Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру саласындағы елеулі жетістіктерге жетіп отыр. 2018 жылы Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру мен жемқорлыққа қарсы күрес бағытында бірқатар елеулі жұмыстарды атқарды. Жемқорлықпен күрес бойынша жұмыстарды жетілдіру мақсатында «Болашақ» бағдарламасы бойынша тәлім алған білікті мамандарды қызметке ала отырып, агенттік жұмысын жақсартты.

### ЖЫЛ ДЕПУТАТЫ – БЕРІК ДҮЙСЕМБИНОВ пен ШАЙМАРДАН НҰРЫМОВ





Мәжіліс депутаты Берік Дүйсембинов биылғы жылы бірқатар батыл бастамалар көтеріп, ел мүддесін қорғайтын депутаттық сауалдар жолдады. Оның ішінде Астана іргесіндегі ауылдарды дамыту мәселесі, ақын Мағжан Жұмабайұлының дәстүрлі оқуларын ұйымдастыру, жылқы шаруашылығын дамытуды қолға алу, сонымен қатар, қос азаматтығы қолданғандарды жауапқа тарту бойынша өзекті мәселелерді Мәжіліс төрінде көтерді. Сонымен бірге, депутат биыл «Құрмет» орденінің иегері атанды.

Мәжіліс депутаты Шахмардан Нұрымов Қазақстанның латын әліпбиіне өтуін қолдап шықты. Ол таяудағы Мәжілістің жалпы отырысында ұйғырлар да латын әліпбиіне өтетінін мәлімдеді.

### ЖЫЛ СЕНАТОРЫ – АСҚАР БЕЙСЕНБАЕВ



Сенатор экономикалық заң жобаларында ұлттық мүддемізді, әсіресе, ұлттық өндірісшілерді белсенді қорғап жүр. «Жер қойнауы туралы» кодексте, «Стандарттау туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдар қаралғанда өз ұстанымын анық танытты.

### ЖЫЛ МИНИСТРІ – АРЫСТАНБЕК МҰХАМЕДИҰЛЫ мен ҚАЙРАТ ӘБДІРАХМАНОВ





Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен биыл Рухани жаңғыру аясында көптеген игі шаралар істелді. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» атты Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетінің халықаралық форумы төрт елде – Сеулде, Лондонда, Берлинде және Нью-Йорк қалаларында өтті. Сонымен қатар ел күнтізбесінде жаңа мереке – Домбыра күні енгізіліп, Мәдениет министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы ұлттық домбыра күнін кең көлемде атап өтуге мұрындық болды. Астанада алғаш рет аталып өткен Домбыра күніне еліміздің түкпір-түкпірінен 2 мыңнан астам күйші келіп қатысты.

Сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов Қытайдағы қазақтар мәселесімен айналысып, бұл күрделі мәселені назарда ұстап отыр. Сыртқы істер министрінің білікті жұмысы нәтижесінде Қытайдағы бірнеше қандасымыз қапастан босатылды.

### ЖЫЛ ӘКІМІ – АМАНДЫҚ БАТАЛОВ



Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың бастамасымен Астана қаласының 20 жылдық мерейтойына орай Талдықорған қаласындағы «Жетісу» саябағы жаңғыртылды. Жетісу өңірінде саябақтар, бірқатар өндіріс орындары, ал Талдықорған қаласында Астана даңғылы салтанатты түрде ашылды. Елбасының Жарлығымен Райымбек ауданы бөлініп, Райымбек және Кеген аудандары құрылды. Бұл шекаралық аймақта орналасқан тұрғындардың көптен күткен тілегі еді, сондықтан да жақсы жаңалықты облыс тұрғындары ерекше қуанышпен қарсы алды. Бұл жаңалық шекаралық аймақ экономикасының дамуына жаңа серпін беріп, халықтың болашаққа деген сенімін нығайып, ел туған жерге қайта орала бастады.

### ЖЫЛ ҚАЙРАТКЕРІ – СӘБИТ БАЙДАЛЫ мен ТАЛҒАТ ҚАТАУ





Биыл жазда ауыр науқастан қайтыс болған марқұм Сәбит Байдалы ағамыз «Ақ жол» партиясы Орталық Комитетінің хатшысы болып жүріп, Алаш мұрасын насихаттауға үлкен үлес қосты. Ол бастамашы болған «XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы» атты республикалық байқаудың биылғы алтыншы жылғы қорытындысы жоғары деңгейде өткенімен ерекшеленді.

«Жыл Адамдарының» ішінде ең көп дауыс жинаған Талғат Қатау қазақтың қасиетті қара жерін қорғауда екі жылдай үздіксіз жан аямай күресіп келеді. Махамбет пен Исатай батырлардың ескерткішін, әкім-қаралармен қырқысып жүріп Орал қаласының сыртынан, қақ ортасына көшіртті! Денсаулық министрлігінің 16 жасқа толған қыздарымыздың ата-анасының рұқсатынсыз-ақ түсік жасауы керек деген, мектеп оқушыларына тегін мүшеқап таратайық деген ұсыныстарына атой салып қарсы шықты. Ол Орал қаласы әкімдігінің алдында қатар желбіреп тұрған Халықтар Ассамблеясының туы Қазақстан Мемлекеттік туынан жоғары екенін байқап, «Рәміздер заңына» жүгініп, Ассамблея туының биіктігін төмендетті. Орал қаласындағы ондаған көше атауларын қазақшалауға мұрындық болды. Мұғалімдер мәртебесі мен мүгедектер теңдігі үшін күресуде.

### ЖЫЛ РЕКТОРЫ – ТАКИР БАЛЫҚБАЕВ



Қазақ жоғары оқу ордасының қарашаңырағы ҚазҰПУ-дің 90 жылдық мерейлі мерекесі лайықты деңгейде аталып өтілді. Университетті халықаралық деңгейде таныта білген Такир Оспанұлының ғылым саласындағы ерен еңбегі елге белгілі. ҚазҰПУ ректорын биылғы жылы Елбасы Н.Назарбаев қабылдап, атқарған жұмыстарына алғысын айтты.

### ЖЫЛ РЕЖИССЕРІ – СЕРГЕЙ ДВОРЦЕВОЙ



Шымкент қаласының тумасы Сергей Дворцевойдың биылғы жылы жарыққа шыққан «Айка» фильмі Канн фестивалінде «Үздік әйел рөлі» номинациясында жеңімпаз атанды. Германияда өткен кинофестивальде 40 елдің атынан қатысқан 190 фильмнің ішінде Гран-приге ие болды. 2018 жылдың 17 желтоқсанында Қазақстанның атынан ұсынылған «Айка» фильмі «Оскар» сыйлығының шорт парағына – бестікке «Шет тілдегі үздік фильм» аталымы бойынша еніп отыр.

### ЖЫЛ АКТЕРІ – САМАЛ ЕСЛӘМОВА



Самал Еслямова «Айка» фильмінде басты рөлі үшін әйгілі Канн фестивалінде «Үздік әйел рөлі» сыйлығын алып, үлкен марапатқа ие болды. Бұл сыйлыққа ол ТМД елдері ішінде тұңғыш рет ие болып отыр.

### ЖЫЛ ӘРТІСІ – БАҚТИЯР АДАМЖАН



«Астана Опера» театрының үздік солисі Бақтияр Адамжан биылғы жылы ХХ ғасырдың ұлы хореографы атанған Роллан Петидің қойылымында өнер көрсетіп, Италияны бағындырды. Қойылым шілденің 28-күні Римнің Сполето театрында сахналанды. Өнердегі жетістіктері үшін ол ҚР Президентінің мәдениет саласындағы мемлекеттік стипендиясының иегері атанды.

### ЖЫЛ САЗГЕРІ – КЕҢЕС ДҮЙСЕКЕЕВ



Қазақтың әйгілі композиторы Кеңес Дүйсекеев «Жалантөс батыр» симфония поэма-картинасының, «Жыл мезгілдері» романстар циклінің, «Мәди», «Аққу Жібек» мюзиклінің, «Алдар көсе» опереттасының, симфония-концерттер, аспаптарға арналған концерттер, камералық оркестрге шығармалар, соната,

рапсодия, вариациялар және 200-ден астам әндердің авторы.




### ЖЫЛ ӘНШІСІ – ДИМАШ ҚҰДАЙБЕРГЕН мен САЯ МАХАМБЕТ

Әлемге әйгілі әнші Димаш Құдайберген биылғы жылы Лондонда, Ресейде жеке концерттерін беріп, халықаралық деңгейде өзін мықты вокалист ретінде мойындатты. Сонымен бірге, АҚШ-та өткен үздіктер шоуында Қазақстан атынан қатысып , ел мерейін асқақтатты.

Ресейде өткен «Пироговский рассвет» халықаралық эстрадалық орындаушылар конкурсында қазақ қызы Сая Махамбет Гран Приді ұтып алды. Ресейде осымен 8-ші рет ұйымдастырылған «Пироговский рассвет» байқауына 11 елден (Қазақстан, Өзбекстан, Ресей, Украина, Беларусь, Болгария, Франция, Куба, Армения, Польша, Чехия) өкілдері қатысты. «Конкурс ережесі бойынша қатысушылар алдымен іріктеу кезеңінен өтті. Сая байқауда екі ән орындады және екеуін де өте жоғары деңгейде алып шықты.

### ЖЫЛ СУРЕТШІСІ – ЖЕҢІС КӘКЕНҰЛЫ



Белгілі суретші Жеңіс Кәкенұлы үшін де биылғы жыл жемісті болды. Ол Астананың 20 жылдығына «Астана – суретшілер көзімен» атты көрме ашты. Оған 50-ге тарта кескіндеме, графика және фотографиялық шығармалар қойылды. Сонымен бірге Жеңіс Кәкенұлының құрастыруымен «Астана –суретшілер көзімен» атты елорда суретшілерінің картиналары топтастырылған кітап-альбом шығарды.

### ЖЫЛ ЗАҢГЕРІ – ДИНАРА ҚҰЙҚАБАЕВА



Қытайдан келген қандасымыз Сайрагүл Сауытбайдың ісіне төрағалық еткен Панфилов аудандық сотының судьясы Динара Құйқабаева бұл күрделі істі жан-жақты зерттеп, тамыздың 1-күні қандасымызды Қазақстанда қалдыру туралы шешім шығарды. Бұл шешім қоғам тарапынан үлкен қолдауға ие болды.

### ЖЫЛ ҰСТАЗЫ – ЖАНҒАЛИ ЖҰЗБАЙ



Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жұзбай шертпе күй өнерінің шебері ретінде өзін әлдеқашан мойындатқан тұлға. Шертпе күйдің төрт мектебін тұтас меңгерген күйші бүгінде шәкірт тәрбиелеп, жас таланттардың жолын ашуда. Биылғы жылы Жанғали Жұзбай «Қазақстанның Білім беру ісінің құрметті қызметкері» марапатына ие болды.

### ЖЫЛ ЖУРНАЛИСІ – БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК пен СӘУЛЕ ӘБІЛДАХАНҚЫЗЫ




Белгілі тележурналист Бейсен Құранбектің халық хабарына айналып кеткен «Қазақстан» ұлттық арнасындағы «Айтуға оңай» бағдарламасы «Қарекетке» айналғаны белгілі. «Қарекет» қазір әр салаға бөлініп, ел назарын аударып, маңызды мәселелерді көтеруде. Қорытындысын жұма күні Бейсен Құранбектің өзі салмақты сараптайды.

«Ақ Жүніс» хабары арқылы тележурналистиканның Ақ Жүнісіне айналып кеткен Сәуле Әбілдаханқызы кейінгі кезде қоғамдық-саяси салада қайрат көрсетіп жүр. Ол қандасымыз Сайрагүл Сауытбайдың ісінде бар күш-жігерін аямай еңбек етіп, балалары үшін шекараны бұзып өтуге мәжбүр болған ананың тағдырына алаңдаған журналисттің мақалалары қоғамда үлкен пікірталастар тудырды. Сәуле Әбілдаханқызы Сайрагүлдің сотына да қатысып, осы мәселеде өзінің нақты ұстанымын көрсете білді.

### ЖЫЛДЫҢ ТІЛ ҚАЙРАТКЕРІ – ЖҰЛДЫЗАЙ ФОРТ, ЖАСҰЛАН ИСА мен МҰҚАҒАЛИ БАЛҚЫБАЙ





Аты аталған үш қайраткердің Мемлекеттік тіл мәртебесін қорғаудағы үлестері аз емес. Тіл күрескері Жұлдызай Форт мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғап жүрген жандардың бірегейі. Оның әлеуметтік желіде жазған мақалалары қоғамда үлкен пікірталастар тудырады.

Естеріңізде болса биылғы жылы Мұқағали Балқыбай елорданың емханасында өзіне қазақ тілінде қызмет көрсетілмегенін айтып, бұл мәселе қоғамда үлкен дау тудырған еді. Артынша қызметтің наразылығын білікті заңгер Жасұлан Иса аурухана басшылығына жеткізіп, емхана қызметкерлерінің қателіктерін тізіп берген болатын. Соның нәтижесінде емханадағы орысша жазулардың барлығы қазақшаланды. Бұл оқиғаны «Қазақ үні» порталы алғаш көтеріп, қоғам назарын аударды.Сонымен бірге, Жасұлан мен Мұқағали Астана қаласында «Жарнамадағы тіл тазалығы» акциясын өткізіп, мемлекеттік тіл мәртебесінің асқақтауына зор үлес қосып жүр.

### ЖЫЛ СПОРТШЫСЫ – ЮЛИЯ ГАЛЫШЕВА мен АБЗАЛ БЕЙСЕБЕК




Юлия Галышева биыл Пхенчхан – 2018 қысқы Олимпиадасының қола жүлдегері атанып, Қазақстанға жалғыз медаль сыйлады.

Қазіргі қазақ футболындағы жарқын есімдердің бірі – Абзал Бейсебек. 15 жасынан үлкен алаңда ойнап жүрген Қазақстан құрама командасының мүшесі Абзал Бейсебек Қазақстанның 6 рет чемпионы атанды. Қазақстан кубогын бірнеше рет жеңіп алды. Польшаның да командасында ойнаған Абзал қазір Астана командасының белді ойыншысы.

### ЖЫЛ ДИАСПОРА ҮЗДІГІ – САЙРАГҮЛ САУЫТБАЙ



Қытайдан келген қандасымыздың қиын тағдырын бүгінде көзіқарақты оқырман жақсы біледі. «Қазақ үні» ақпарат агенттігі Сайрагүлдің ісіне қатысты 20-дан астам мақала жазды. Қандасымыздың ісіне қатысты алғашқы сот отырысы оң нәтиже бергенімен, Сайрагүлдің тағдыры әлі де белгісіз күйде тұр. Батыр ананың қиын тағдыры кім-кімді де алаңдатады. Алдағы уақытта да «Қазақ үні» порталы мен газеті Сайрагүл Сауытбайдың ісін мұқият бақылауда ұстайтын болады.

■ ПАЙЫМ

# ШЫРША МЕРЕКЕСІ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

## БҰЛ МЕЙРАМНЫҢ ҚАЗАҚТАРҒА ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАТЫСЫ БАР?

**Бірқатар этнограф-тарихшылар қыпшақтарда Шырша мерекесі болғанын, Жаңа жылдың – көшпенділердің байырғы мейрамы екенін жазып жүр. Ежелгі алтайлықтар шырша мерекесін 25-желтоқсанда, Күннің Түнді «жеңген» кезінен бастап тойлаған. Өмірдің сыры да, құпиясы да көп. Небір ғұлама нешеме жылдан бері күн-түн қатып тер төгіп жүргенімен, жаратылыстың заңдылығын әлі бір жүйеге түсірген жоқ. Өйткені, тіршілікте заңдылықтар өте көп. Бір оқиғаны немесе құбылысты бір ұлтқа, яки бір халыққа теліп қоюға әсте болмайды. Айталық, ғасырға жуық уақыттан бері қазекең орыс халқымен бірге Жаңа жыл мейрамын тойлап келе жатыр. Бұл мейрамды әлемнің өзге елдері де (әр мезгілде болса да) мерекелеп жүр.**

Қалыптасқан ұғым бойынша, Жаңа жыл, яғни, 1-қаңтар – Иса пайғамбардың туған күні. Бүкіл христиан әлемі осылай деп түсінеді, осылай деп тойлайды. Ол тойына «Рождество Христова» деп ат берген. Орыстар православ сенімінде болғандықтан, бұрынғы Юлиан күнтізбесі бойынша, желтоқсанның 25-і Исаның туған күні деп тойлайды.

Ал, ежелгі алтайлықтар болса, 25-желтоқсанда Шырша мерекесін тойлаған. Себебі, осы күннен бастап күн түннен оза бастайды. Өріске кеткен малдың жайылу мерзімі ұзарады. Олар мұны Күннің Түнді «жеңген» кезі деп есептеген. Бүкіл тіршілігі төрт түлікке тәуелді көшпенді халық үшін бұл үлкен қуаныш, үлкен мереке саналған.

«...Мен, бір қызықты пікір айтайын. Осы Жаңа жыл тойы арысы Еуразияның ежелгі көшпелі скиф-сақтарының, берісі бүгінгі түркі халықтарының, оның ішінде, қазақтардың да байырғы мейрамы деп есептеймін». – Жайы жаннатта болғыр, ғылым докторы, белгілі этнограф-тарихшы әрі жазушы Ақселеу Сейдімбек Жаңа жылдың көшпенділер мейрамы екендігі туралы осылай деп жазып кетіпті. Ғалым-қаламгердің бұл пікірін В.В.Цибульскийдің «Лунно-солнечный календарь стран Восточной Азии», М.Ысқақовтың «Халық календары», Х.Әбішевтің «Аспан сыры» атты кітаптарындағы деректер де жоққа шығармайды.

Бұл аз десек, мына дерекке назар аударайық. Мұрат Әджінің «Қыпшақтар» кітабында жаңа жыл түніндегі «үлде мен бүлдеге» бөленген шырша мерекесінің І Петр патшадан көп әріде болғаны, түркілердің де өз дәуірінде бұл мейрамды тойлағаны баяндалады. Кітаптың «Шыршалар мерекесі» тарауында зерттеуші бұл ойын нақты мысалдармен айқындайды. Бабаларымыз малымен жанын бағып, өсіп-өніп отырғандықтан да ең алдымен сол төрт түліктің жайын жасаған. Қазақ пен қазақ кездескенде «мал-жан аман ба?» деуі осы сөзіміздің бір дәлелі емес пе? Өйткені, мал аман болса, жан да аман, өмір де, тіршілік те ілгері қарай өз жолымен жүре береді. Осыны сайын даланың данасы әрі иесі қазақтар білген. Бұлайша амандық-саулық білісу де бірер ғасырдың бедеріндегі жағдай емес, көнеден келе жатқан сәлемдесу тәртібі болса керек.

Бабаларымыз шыршаны үйлеріне әкеліп, бұтақтарына неше түрлі әсем шүберектер байлап, сонан соң дөңгелене қол ұстасқан қалпы шыршаны айналып: «Түн кетіп, Күн келсін» деп ән салатын болған. Ұзақ жыл зерттеліп, зерделеніп жазылған кітапта осылайша баяндалады... Қысқасы, сол деректерге ден қойғанда, Жаңа жыл таза көшпенділердің мейрамы екенін мойындауға мәжбүр боласың.

Бір айта кететін мәселе, Еуропаға бұл мейрам жерсінді. Бұған Еуропа елдері Аяз ата, шырша, шырақ жағу деген сияқты өздерінің этнографиялық реңктерін беріп, байытты. Содан бүгінгі күні мүлдем танымастай өзгеріп, еуропалық мейрам болып шыға келді. Бірақ, бұл теңгенің бір жағы. Оның екінші жағы бар емес пе? Еуропалықтардың, оның ішінде орыстардың да, Жаңа жылға ерекше мән беріп, оның жылданжылға көріктене түсуіне атсалысуы біздің бабаларымыздың, яғни қыпшақтардың, Шырша мерекесінің тарих тасасында қалып қоймай, әлемдік сахнаға шығуына жол ашты.

Қаңтардың басында келетін Жаңа жылды тойлаймыз ба, әлде тойламаймыз ба, деген екіұшты пікір соңғы уақытта жиі айтылып жүр. Бұл мерекенің тамыры тым тереңде екенін, қазаққа да қатысы бар екенін жоғарыда айттық.



Сондықтан да Жаңа жылға діни мән-мағына бермей, бабалар мерекесі ретінде және бір жылғы тіршілігімізге есеп беретін, келешек мақсат-міндеттерімізді белгілейтін үміт пен сенім мерекесі ретінде тойлағанымыз абзал. Демек, бұл мерекенің көшпенділер пайымымен байланысты екендігін ескерген жөн. Біз Жаңа жылды тойлағанда бодандықтан емес, бұрыннан қанымызда, дәстүрімізде бар болғандықтан тойлап жүргенімізді кейінгі жастарға түсіндіруіміз керек.

**Сәрсенбек БЕКМҰРАТҰЛЫ**

# «ҚАРА АРХЕОЛОГТЕР» БҮЛДІРІП БАРАДЫ

**Қазір бүкіл ел бойынша ежелгі сақ бабалар қорғандары мен ескі мазарат, кесенелерді тонайтын, тіптен мұны «табыс көзіне» айналдырып алған «қара археологтар» көбейіп барады. Бұл мәселені бірнеше рет республикалық «Егемен Қазақстан» газеті көтеріп, Мәжілісте де қаралды. Бұдан бірнеше жыл бұрын осы жолдар авторы да мұны жергілікті баспасөзде көтерген болатын. Бұл оңай жолмен тез арада байығысы келген қылмыскер топтар «металл іздейтін» қондырғылармен және де басқа да техникалармен жарақтанып, отаршыл жүйеден енді ғана шығып, бойын тіктей бастаған ата тарихатымыз бен ұлттық мәдениетімізге, орасан зор апаттар әкелуде. Бірақ газет оқымайтын, оның ішінде өздері сол мемлекетті басқарып отырса да мемлекет тіліне де, тарихына да, ертеңіне де, баға жетпес жәдігерлеріне де пысқырып та қарамайтын, бұрынғы империяның рухында тәрбиеленіп, түрлі жолдармен ел билігіне келіп қалғандар бұл аса маңызды мәселеге мүлдем көңіл бөлмей келеді...**



Ежелгі замандар мен орта ғасырларда осындай киелі жерлерді, яғни қорымдар мен кесенелерді, керуендерді тонап, адамдарға қарақшылық шабуыл жасағандарды Ұлы Қағанның арнайы өкілеттіктері бар жасауылдары әлгі қорқау сұмдарды ұстаған жерлерінде бастарын шауып, ағаштарға іліп кететін болған...

Ай Қарақ Керей Хан билікке келер алдында Алтын Ордада түрлі діндерді ту еткен хан тұқымдары таққа таласып, өзара қырқысып Елдің берекесін кетіріп, тәртіп қожырап тұрған тұста елді тонайтын, керуенді торуылдайтын топтар қайтадан пайда болады. Керей Хан Қазақ Хандығын құрып, билікке келгесін жан-жақты осалдап кеткен тәртіпті қалпына келтіруден бастайды. Осы қанды тұтқиыл шабуылды басқаратын түнгі ұрыларды Керей Хан арнайы сарбаздар шығарып, іздеріне түсіп бұғаулап ұстап алып келіп, халықтың алдына шығарып басшыларының басын кесіп, жол бойындағы ағаштардың бұтағына ілдіріп қояды екен. Адамның басы тұрған ағашты ел көріп: «Ай Қарақтың қолданған жазасы!» деп біледі екен. Кейінерек осы сөзден «қарақшы» – деген сөз пайда болады.

Жоңғар-Қазақ соғысында осы жазаны Айбынды Абылай Ханның Бас батырларының бірі Ер Қанайұлы Құлан Қайыр Ханбас Батыр Жоңғар қарақшыларына қолданады. Жазықсыз сәби, ана, ақсақалдарды жылатқан пенделерді аямаған. Мұндай жауыздардың бастарын кесіп, ағашқа ілген. Осындай жазаларды қолданған жерлерде, Керей Хан заманы мен Айбынды Абылай Хан өмір сүрген Жоңғар шапқыншылығы уақытынан қалған тарихи жер атаулары: «Қандыағаш», «Көктерек», «Сұрағаш», «Сарыағаш», «Қарақшы терек», «Бұтақбас», «Төртбұтақ», «Қарға қонар», «Үштөбе», «Молалы шыбық», «Қытай шыбық», «Орыс жылаған», «Парсы бас», «Иткөзді қарағай», «Бұзық тобылғы», «Сүйекбас Сексеуіл», «Ханбас бекет», «Керей жайрасұны», «Қанжыға бұтақ», «Шіріген ағаш», «Еңіреуік тоғайбас», «Жылауық қайың» – деп аталыпты. Осындай тарихи жерлерде қарақшыларды о дүниеге аттандырып, басшыларының бастарын ағашқа іліп қойған.

Шындығында, бүгінгі күні елімізде өте ауыр мәселеге айналып тұрған мұндай «қара археологтерге» қатаң жаза қолдану керектігі де өмірдің талабынан туындап отыр. Себебі, ежелгі мазараттар мен кесенелерді тонап, соны кәсіпке, күн көріске айналдырып жүргендердің, моланы ашып мүрделерді жейтін жыртқыш қорқаулардан айырмашылығы қайсы? Мұндай сұмдар дүние мен ақша үшін кез-келген адамды шімірікпей бауыздап, немесе ата салады. Бұл олар үшін су ішкеннен бірдей ғана нәрсеге айналған. Осындай қорқаулардың адам арасында өмір сүруінің өзі, олардың қорқау ұрпақ таратуы да қоғамға да, елдің болашағына да аса қауіпті. Мұндай элементтерді, яғни «адам терісін жамылған ібілістерді» бабаларымыз түбірімен жойып отырған. Қазіргі белең алған жаппай жемқорлық мемлекетімізді іштей ірітуде. Мұндай жағдайда ел болашағы үшін бас қатыруға тиісті ұйымдарымыздың осынша өте маңызды мәселелермен айналысуына пейілдері де, уақыттары да жоқ боп тұрғаны ма?!

Abai.kz сайтында Әділбек Қаба мен Тәкен Молдақынұлының осы мәселелер бойынша келтірген деректері еліміздегі тәртіп қожырап, жетім сатқан, жер сатқан, азғын қоғам орнатқандардың кесірінен барлық саланы жаппай жемқорлық жайлап бара ма деген заңды сұрақ туындатады екен.

Елдің ертеңін терең ойлайтын ер-азаматтар тәртіп пен заңдылықты қатайтатын іс-шараларды талап ететін сәт қашан туады?!.

**Ілесбек БАЙЖАНОВ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**
*Шымкент шаһары*



■ ТАРИХ



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ – АЛТЫН КӨМБЕ

**Біздің тұрып жатқан шаһарымыз әу баста Тараз, кейінірек Әулие Ата, кеңес өкіметі кезінде Жамбыл қаласы болып өзгергені тарихи дерек. Еліміз еңсесін көтеріп егемен Қазақстан атанғасын Жамбыл қаласы баяғы бабаларымыз қойған Тараз атауына қайтадан ие болып, екі мың жылдық тойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Сол кезде «Е-е, біз білмейтін нәрсе көп екен ғой» деп ойладық.**

Қайдан білейік, қызыл империяның қыспағында тәлім-тәрбие алдық. «Қазақтар көшіп-қонып жабайы өмір сүрген. Екі-ақ пайызы сауатты болған, оларды оқытып көзін ашқан сәбет өкіметі» деген сияқты құрсаулы сөздерді құлағымызға құйттайымыздан құйып өстік. Сендік. Ұйыдық.Сөйтсек, бәрі басқаша...Тарихымыздың тамыры тереңде екен. Қазақ хандығының 550 жылдығы Таразда дүбірлеп өткенде көзіміз ашылды. Тұңғыш туымыз көтерілген Шу бойындағы Қозыбасы өңіріне барып, Жәнібек пен Керейхан бастаған бабаларымыздың табаны тиген жерге тәу етіп қайттық.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын оқығанымызда одан сайын серпілдік. Жігерлендік. Желпіндік. Бойымызды бір тылсым күш кернегендей әсерде жүрдік. Ал «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын оқығанымда «Е-е, біз алтын көмбенің үстінде отырып алтын іздеген халық екенбіз ғой» деген ойда қалдым. Рухани жаңғырып, бойымызға жан кіріп Ұлы даланың ұлылығын сезіндім. «Тарихи сананы жаңғырту керек» дейді Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев. «Өркениеттің көш басында тұрған ата-бабаларымыздың жолымен алға жүру – артындағы ұрпақтың ардақты ісі» деп жарты әлемге жар салып, көш бастауға ұмтылсақ, жаңғыру емей немене?! «Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден әртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді, дейді Елбасы өз мақаласында. «Транзиттік «дәліз» деген не? Ұлы даланың үстінен өткен ұлы Жібек жолы емес пе? Қарахан дәуіріндегі Тараз, Ақыртөбе, Меркі, Құлан қалаларын басып өтетін Жібек жолына тіл бітсе сайрар еді-ау. Елбасының бағдарламалық мақаласын негізге ала отырып, мектеп оқушыларына пән ретінде енгізсе жастар санасы жаңғыра түсетіні сөзсіз.

Бес қаруын бойына асынған бабаларымыздың рухы неге күшті болған? Түркі әлемінің үлкен державаға айналуының мәні неде? Бағзы заманда-ақ болат балқытып, темір қорытып металлургияны меңгергендігінде. Міне, ұлы даланың қыры мен сыры. Елбасының сөзімен айтқанда «Сан алуан металл кендеріне бай қазақ жері – металлургия пайда болған алғашқы орталықтардың бірі». Темірден металл қорытып қылыш, найза, қанжар секілді қару-жарақ жасаған. Оны зерттеген ғалымдардың пайымдауынша қару-жарақ құраманың қасиетті шарболатпен пара-пар екен. Ауыз әдебиетінде «Шарболаттай шарт сынбан» деген сөз бар. Шарболат деген не? Ол металлдың ең шыңдалған аса сапалы түрі. Бұл – бабаларымыздың металлургияны өте жоғары дәрежеде игергендігінің белгісін білдіреді. Елбасының «Ата-бабаларымыз жаңа, неғұрлым берік металдардар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты» деуінде үлкен мән бар. Сондай-ақ, «жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін, жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болғанын» айтты. Расында солай ма? Әлем ғалымдарының зерделеп, зерттеуінше солай екен. Бір ғана мысал келтірейін. Аттан ертұрман, әбзелдеріне байланысты қазақтың көп атаулы сөздері басқа тілге аударылмады. Неге? Өйткені, шет елдердің тілдік қорында ондай түсінік, ондай сөздер жоқ екен. Міне, біздің тіл байлығымыз. Махамбет Өтемісұлының бүкіл ерлік поэзиясын орыс тіліне аударғанда, екі өлеңі қазақы қалпында қалып қойған. Неге? Махамбет ақынның ұрандап салған ұлттық сөздерінің баламасын орыс тілінен табылмаған. Бұл нені білдіреді? Жылқыны қолға үйретуді алғаш бастаған ата-бабаларымыз екенін айғақтайды ғой.

Келелі әңгіме айтып, кеңірек ойлауымыз – егемен елдің белгісі.

**Сая АСАНОВА**
**Жамбыл облысы бойынша ҚАЖД ЖД-158/4 мекемесінің арнайы есеп бөлімінің бастығы Әділет лейтенант**

# ЧТО ОЖИДАЕТ КАЗАХСТАН В 2019 ГОДУ?



**Будут ли досрочные президентские выборы в Казахстане? Будет ли рост экономики? Какие опасности ожидают нашу страну и ее жителей в новом году? Отключат ли связь абонентам телефонов без регистрации IMEI, ИИН в начале 2019 года? Какие природные катаклизмы могут случиться в следующем году?**

### ЧТО ПРИНЕСЕТ ГОД ЖЕЛТОГО КАБАНА?

Животным покровителем нового 2019 года будет Желтый Кабан, который завершает гороскопический период из двенадцати восточных знаков. И в нынешнем цикле восточного календаря завершает период изменений и предваряет время стабильности. В целом 2019 год, как гласит гороскоп, – это год, в который нужно радоваться жизни и просто наслаждаться каждым новым днем.

Год обещает перемены во все сферы жизни, устранит конфликты и нормализует отношения между людьми. В это время необходимо проанализировать все, что сделали, помириться с людьми, а также повернуть политический курс в мирное русло.



В целом же Кабан – существо общительное и работящее. Поэтому год обещает быть богатым на разные интересные события, новые знакомства и начинания, которые, скорее всего, станут удачными, конечно, если приложить определенные усилия. В общем, в этом году все зависит от нас самих, главное не лениться и не забывать про позитивный настрой. Крупные ссоры в период власти Желтого Кабана вряд ли случатся, это зверь миролюбивый, и масштабных конфликтов, скорее всего, не допустит.

Главная опасность, которая может подстерегать в 2019 году, – это вероятность быть обманутым. Кабан – животное довольно доверчивое, опасайтесь мошенников, особенно в сфере финансов.

Такой прогноз сочетается и с нумерологией. Пифагор, основываясь на учениях египтян, индусов, евреев, приписывал числам и их сочетаниям определенный смысл. Он свел все числа до элементарных цифр от 1 до 9, используя сокращения числа путем последовательного сложения до цифр от 1 до 9. И в этой нумерологии Пифагора из числа 2019 путем сложения выходит цифра 3, которая означает: разнообразная активность, решение трудных задач, встречи, путешествия, развлечения. В общем, счастливая цифра.

Однако не все просто и гладко. 2019 год стоит на стыке старой и новой эпохи, он будет сложным, противоречивым. Особенно для Западной Европы, Америки и Юго-Восточной Азии, где грядут социальные взрывы и грозные природные явления. Уставшая Земля в своем развитии достигла «предела терпения», и многие катаклизмы последнего десятилетия могут достигнуть своей кульминации. Речь идет, прежде всего, о природных катастрофах, которые будут усиливаться.

В последнее десятилетие природные катаклизмы с возрастающей силой настигают все без исключения страны и континенты. Особенно пострадали от стихий Гаити, Пакистан, страны Юго-Восточной Азии, Китай, Индия, Япония, США, Россия, Австралия и др. Некогда благополучная Западная Европа перестала быть безопасной от катаклизмов. От них не застрахована и Восточная Европа.

У каждой страны, как у человека, есть своя карма и свое предназначение. Суть жизни как страны, так и отдельного человека в этом и состоит – найти свое предназначение и следовать ему. Найти его должны помочь разум, интуиция, здравый смысл и ...особые знаки судьбы.

Как говорит медиум Галия Кажигалиевна Керей, у Казахстана – особое предназначение в наступившей эпохе Водолея, в условиях небывалых глобальных изменениях климата и Земли: нести истину об этих изменениях, помочь стране и людям в опасный переходный период; главное – наша страна под защитой Небесных Сил. Ценности и понятия духовного порядка станут ключевыми в эпоху Водолея. Люди по-новому осознают многие явления и научатся управлять ими.

### ВЫБОРЫ: БЫТЬ ИЛИ НЕ БЫТЬ, ВОТ В ЧЕМ ВОПРОС

Некоторые мероприятия, события, заявления свидетельствуют о возможности главного события в политической жизни страны – о досрочных президентских выборах. Главную интригу внес председатель сената парламента Касым-Жомарт Токаев, когда в июне этого года сказал в интервью программе Hard Talk британской медиакорпорации BBC: «Откровенно говоря, я не верю, что президент Назарбаев пойдет на президентские выборы в 2020 году. Я не верю. Так как он очень мудрый человек, он совершенно благоразумен, и я думаю, что в 2020 году у нас будут президентские выборы с другими кандидатами, за исключением президента Назарбаева».

Сенсация такого заявления была не только в возможности неучастия Нурсултана Назарбаева в выборах президента, но и его преждевременности: до срока выборов было еще далеко – более двух лет. Да и сам глава государства в одном зарубежном интервью ответил на вопрос об участии в выборах – это будет известно в следующем 2019 (или в 2020 году).

Такие заявления «подтверждены» принятием в этом году закона, который позволяет первому президенту Казахстана пожизненно возглавлять Совет безопасности. Согласно закону, этот орган наделен полномочиями координировать деятельность государственных органов и организаций, вести мониторинг и давать оценку исполнению стратегических государственных документов. Решения Совбеза «подлежат неукоснительному исполнению» всеми ветвями власти. Это своего рода «запасной» вариант в случае досрочных выборов.

Также ежегодное Послание президента было озвучено рано – 5 октября, и оно было однозначно социально ориентированным. Об этом свидетельствует само название документа: «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни». Средняя зарплата по стране в следующем году вырастет на 9,1%. Средний размер пенсии с нового года увеличится на 5 728 тенге и составит 87 тысяч тенге, минимальный размер пенсии – 65 806 тенге. Повышение зарплат и строительство школ обойдется бюджету в дополнительные 150 млрд тенге. На развитие и поддержку бизнеса направят в 8 раз больше. Итого – дополнительные бюджетные расходы в 2019 году и 303 млрд тенге в срок до 2022 года.

Мы видим, как возросла активность президента Назарбаева, он ездит по областям, видим подготовку избирательных комиссий. Призывы главы государства к удешевлению тарифов монополистов направлены на то, чтобы заручиться поддержкой населения. И на вопрос, будет ли участвовать в возможных досрочных выборах нынешний президент, можно с уверенностью ответить: да, будет. Заявление Касым-Жомарта Токаева было своего рода «подготовкой почвы» на всякий случай.



### О РАЗНЫХ СИТУАЦИЯХ И СВЯЗИ

Будет постепенное ухудшение экономической ситуации в России в связи с экономическими санкциями Запада, что заденет и экономику Казахстана. Кризис будет продолжаться, если власти реально не займутся промышленным производством, сельским хозяйством, развитием среднего и малого бизнеса и т.д., а не просто полагаться на продажу сырья.

В 2019 году, возможно, разработка месторождения «Кашаган» приостановится на длительное время, и будет сделан очередной шаг в изменении энергетической политики государства. Можно ожидать возврат населения из городов назад в сельскую местность. Это будет лучший выход из экономического кризиса, если будет ощутимая поддержка государства в развитии села.



Отключат ли связь абонентам телефонов без регистрации IMEI, ИИН в начале 2019 года? Нет, не отключат. Это обычная непродуманная инициатива властей, как и «временная прописка». Ведь уже проводили регистрацию мобильных телефонов. А доступ к ИИН дает только доступ к ИИН, а IMEI и так известен операторам.

Кстати, регистрация IMEI в некоторых странах действительно дает возможность бороться с кражами телефонов, но в Казахстане этот вид преступления – национальная беда. И здесь не поможет простая регистрация IMEI, а нужна реальная борьба полиции и общества не только по искоренению массового воровства сотовых телефонов, но в целом с кражами (квартир, автомобилей и т.д.), разбоем, казнокрадством, коррупцией и т.д.

Несмотря на массовое воровство и коррупцию, наша страна с достоинством выйдет из любых трудностей и к 2022 году ее ожидает материальный и духовный расцвет. Но внедрение неграмотного варианта латиницы может существенно повлиять на развитие казахского языка, и у нас может повториться неудачный узбекский опыт латинизации.

**Дастан ЕЛДЕС**
*d.eldesov@mail.ru*

# НОВЫЕ ИСТОРИЧЕСКИЕ ИНИЦИАТИВЫ ПРЕЗИДЕНТА

**Статья Главы государства Н.А. Назарбаева «Семь граней Великой степи» нашла полное понимание и поддержку со стороны коллектива Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Если в 2017 годы мы приняли участие и продолжаем участвовать в реализации президентских программ, изложенных в его программной статье «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», то теперь появилась новая публикация, дающая многим ученым общественно-гуманитарных наук импульс и повод для дальнейшей активизации своей деятельности.**




Очевидно, что новая статья Главы государства возлагает большую ответственность, прежде всего, головному научному и идеологическому учреждению как наш. Хотелось бы заострить внимание читателей на некоторые моменты из данной работы, касающейся непосредственно нас, историков.

Так, Глава государства прав, когда особо подчеркивает, что «История Казахстана также должна быть понята с высоты современной науки, а не по ее отдельным фрагментам». И президент с методологической точки зрения совершенно верно отмечает, что «большинство протогосударственных объединений ...образовались на территории Казахстана, став одним из элементов этногенеза казахской нации».

Да, саки появились «не вдруг» и не случайно. Казахстан относится к уникальному ареалу нашей планеты, на территории которого на протяжении более двух последних тысячелетий существовала государственность на основе Великой скотоводческой цивилизации, органически вкрапившей в себя и городскую культуру, и земледельческие оазисы.

По мнению отечественного антрополога, академика НАН РК О. Исмагулова, значительная часть населения нашей страны на протяжении почти 4 тысяч лет были автохтонными жителями, передававшими из поколения в поколения самое бесценное, что есть у народов – землю, а вместе с ней его недра, фауну и флору. Смена одного государства другим не меняла ментальность, форму хозяйственной деятельности древних насельников этой земли. Смена правящих элит и изменение названий государств не мешали народу жить и творить на этой древней и благословенной земле.

Саков сменили гунны, их сменили средневековые тюрки, затем кыпчаки и казахи. При этом из века в век, из тысячелетия в тысячелетие четко прослеживается традиция преемственности поколений, например, через превосходное знание степняками своих шежире.

В этом плане Глава государства как прекрасный знаток национальной истории четко подмечает: «Современные казахи – потомки древних саков, гуннов и тюрков, что еще с незапамятных времен сотрясали Вселенную грохотом копыт своих аргамаков».

Когда древнегреческий ученый и врач Гиппократ (460-377 гг.) описывает образ жизни, быт, пищу древних саков, то создается какое-то ощущение, что за более 2500 лет ничего в степи не изменилось и как будто речь идет о жизнедеятельности казахов рубежа XIX-XX веков: «Они (юрты на повозках – авт.) кругом закрыты войлоками и устроены подобно домам, одни с двумя, другие с тремя отделениями; они непроницаемы ни для воды, ни для света, ни для ветров. В эти повозки запрягают по две и по три пары безрогих волов. В таких кибитках помещаются женщины, а мужчины ездят верхом на лошадях, за ними следуют их стада овец и табуны лошадей. На одном месте они остаются столько времени, пока хватает травы для скота, а когда ее не хватает, переходят в другую местность. Сами они едят вареное мясо, пьют кобылье молоко и едят «иппаку» (сыр из кобыльего молока)».

А знаменитый наш земляк и предок сак Анахарсис (VII-VI вв.), отмечая положительные черты характера своих соплеменников в письме Медоку восторженно пишет, которые никак не согласуются с тезисами евроцентрийцев, охаивающих наших легендарных предков как «варваров»: «Скифы радуются чужому благополучию и стремятся к тому, что им возможно достигнуть; а ненависть, зависть и всякие пагубные страсти они постоянно всеми силами изгоняют, как врагов».

Поэтому, когда в 2015 году президент выступил инициатором празднования 550-летия Казахского ханства, то он всего лишь предложил обществу отметить только один из очередных эпизодов нашей славной и длинной истории...

Огромное теоретико-методологическое значение имеет и важная и четкая мысль Главы государства о том, что «выдающиеся культурные достижения... не были привнесены в степь, а в большинстве случаев родились именно на нашей земле и лишь затем распространились на Запад и Восток, Север и Юг».

Наш президент подытоживает научные результаты разных поколений отечественных историков: «Исторические находки последних десятилетий отчетливо подтверждают неразрывную связь наших предков с самыми передовыми технологическими новациями своего времени и позволяют по-новому взглянуть на место Великой степи в глобальной истории».

К примеру, мало кто из нас задумывается, что степняки еще в средние века вовсю использовали ...лыжи. К примеру, известный арабский ученый аль-Марвази (1046-1120 гг.) пишет о том, что кимаки, жившие в районе Среднего Прииртышья, активно использовали лыжи при охоте: «Если кто-нибудь из них на охоту за соболями, горностаями и другими зверями, то он пользуется двумя досками, каждая из них в три локтя длины и в пядень ширины. Один из двух концов ее (доски) сделан загнутым, словно нос лодки. Он привязывает их обеих на свои ноги вместе с обувью. Затем он опирается на них и передвигается по снегу словно лодка, которая рассекает морские волны».

Глава государства подвергает критике бытующий до сих пор европоцентристский подход в освещении истории Великой степи: «Европоцентристская точка зрения не позволяла увидеть того реального факта, что саки, гунны, прототюркские этнические группы были частью этногенеза нашей нации».

Н.А. Назарбаев отмечает непреходящую роль Казахстана в мировой культуре, когда именно Казахстан явил миру уникальные предметы материальной культуры, многие технические новшества, благами которых пользуется до сих пор все человечество. К примеру, он особо акцентирует на роли приручения лошади, сделавшего самую настоящую революцию и переворот во многих отраслях жизни жителей планеты: «Всем известно, что Великая степь подарила миру коневодство и всадническую культуру. Впервые одомашнивание лошади человеком произошло на территории современного Казахстана, о чем свидетельствуют раскопки поселения «Ботай» на севере страны. Одомашнивание лошади дало нашим предкам немыслимое на тот период превосходство, а в планетарном масштабе произвело крупнейшую революцию в хозяйстве и военном деле».

Мало кто из иностранцев знает, что именно Казахстан стал важным центром, где функционировала металлургия. Когда-то именно ученый нашего института А.Х. Маргулан явил миру уникальнейшие научные доказательства о существовании крупного центра металлургии на территории Центрального Казахстана. Они нашли подтверждения и у известного геолога, первого президента НАН Казахской ССР К.И. Сатпаева.

Об этом же написал наш президент, когда-то начавший свою деятельность в качестве металлурга в Темиртау: «Изобретение способов получения металлов открыло новую историческую эпоху и навсегда изменило ход развития человечества. Казахская земля, богатая многообразными металлическими рудами, также стала одним из первых центров появления металлургии. Еще в глубокой древности на землях Центрального, Северного и Восточного Казахстана возникли очаги горнорудного производства и выплавки бронзы, меди, свинца, железа, серебра и золота, изготовления листового железа».

Не обошел в своей статье президент и знаменитый «сакский звериный стиль», достигший своего расцвета именно на территории Великой степи и прилегающих земель, куда доходили копыта аргамаков наших непосредственных предков: «Наиболее ярким элементом их наследия, отражением художественного своеобразия и богатства духовного содержания является «искусство звериного стиля». Использование образов животных в быту было символом взаимосвязи человека и природы, указывало на духовные ориентиры степняков». До сих пор слабо прописаны бесценные творения сакских ремесленников. Ведь не случайно один из выдающихся и талантливых евразийцев первой волны П. Савицкий ставил сакское искусство выше греческой и римской, до сих пор считающихся эталоном: «Более совершенных и более современных (сверхсовременных) вещей вообще нет в искусстве нашей планеты, кочевнический «звериный стиль» стоит выше всей греко-римской культуры!».

Глава государства предложил и уникальную программу «Архив-2025», которая призвана собрать со всех концов не только Казахстана, но и всего мира архивные источники, которые позволят усилить историко-культурные исследования, для чего необходимо привлекать и зарубежных исследователей: «Многие документальные свидетельства о жизни предков и их уникальной цивилизации до сих пор не введены в научный оборот и ждут своего часа в многочисленных архивах по всему миру. Поэтому я считаю, что нам необходимо создать семилетнюю программу «Архив-2025», в которую вошли бы серьезные фундаментальные исследования всех отечественных и зарубежных архивов, начиная с античности и кончая современностью». Кстати, многие книги, вышедшие по программе «Культурное наследие», были подготовлены учеными наших гуманитарного направления институтов, в том числе и Института истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова.

Важность формирования исторического сознания требует, чтобы мы приняли кардинальные и системные меры на государственном уровне для усиления патриотического воспитания, которое невозможно без усвоения подлинных исторических знаний, всего богатейшего культурного наследия народа. Подлинная история Казахстана всесторонне и полностью не изучена, а в прежних научных оценках и изложениях преобладает все же тенденциозный (европоцентристский, имперский, классовый, колонизаторский) подход, который противоречит провозглашенным идеалам свободы и независимости нашей родины, а также «Всеобщей Декларации прав человека» – общепринятым принципам и стандартам, светскому и демократическому характеру полиэтнического общества.

**Зиябек КАБУЛЬДИНОВ,**
**директор Института истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова**

Земфира ЕРЖАН:

# НАМ НУЖНА культурная эволюция



**Искусствовед, главный редактор сайта Киелі Жетісу, автор методики изучения казахского языка на основе текстов эпоса Земфира Ержан рассуждает на тему несовершенства языковых методик, из-за которых якобы до сих пор не может выучить казахский язык большинство казахстанцев.**

### ЭТО МИФ, КОТОРЫМ ПРИКРЫВАЮТ БЕЗДЕЙСТВИЕ

Несовершенство языковых методик, по мнению Земфиры Ержан, – это ничем не обоснованный миф, который охотно поддерживается в обществе на всех уровнях, начиная от отечественного министерства образования.

Основное удобство этого мифа состоит в том, что он позволяет постоянно отодвигать на неопределенную перспективу задачу обучения языку, подменяя ее задачей поиска методик. Что, в свою очередь, позволяет всем «заинтересованным» в этом сохранять статус-кво. Тем, кто не хочет учить язык – продолжать не учить его. А государственным структурам, которые по долгу службы обязаны заниматься продвижением казахского языка, объяснять низкую эффективность своей работы ссылками на несовершенство обучающих методик.

Она напомнила, что в иерархии методик, наиболее совершенной и результативной считается языковая среда: «Мы же умудряемся возлагать главные надежды и делать основную ставку на иностранных специалистов (методистов Кембриджа, к примеру), которые раскроют, наконец, основные секреты обучения казахскому языку».

«Секрет заключается в том, что таких секретов не существует. Все методики примерно одинаковы, поскольку цель и предмет у них одни и те же. Равно как и то, что изучение любого нового языка требует затрат времени и сил, – говорит она. – Методики нельзя сравнивать с инструментами, одни из которых сродни лопате, а другие – мощному ковшу экскаватора. Их различие состоит в другом: в контексте работы той или иной методики. Львиная доля зависит от желания обучаемого. А оставшаяся – от способов продвижения данной методики».

### НЕЛЬЗЯ НАУЧИТЬ ЯЗЫКУ ПРОТИВ ВОЛИ

Как автор методики обучения казахскому языку, Земфира Ержан знает, что языку нельзя обучить против воли обучаемого. Особенно если у человека уже есть целый комплекс предубеждений и непреодолимых негативных эмоций, касающихся данного языка.

«Если подойти к проблеме обучения с данной точки зрения, то причины растянувшейся уже на добрую четверть века хронической «необучаемости» государственному языку в Казахстане, станут гораздо более ясными и прозрачными», – уверена моя собеседница.

По ее мнению, особенность казахстанской языковой ситуации состоит в том, что значительное сопротивление мерам по расширению поля функционирования казахского языка, а также самые высокие показатели «необучаемости» демонстрируют сами этнические казахи. Это происходит на фоне того, что представители других этносов Казахстана и иностранцы не испытывают подобных затруднений в овладении основами языка и его дальнейшем совершенствовании.

Она уверена, что основу необучаемости родному языку такой группы этнических казахов составляет национальный нигилизм, сформировавшийся в предыдущий исторический период: «До тех пор, пока данный феномен не будет изучен, а его последствия не будут преодолены, до тех пор пути решения языковой проблемы будут мифологизироваться (как поиск волшебных методик) и все дальше уводить от существующей реальности: социальной и языковой».

Она добавляет, что в дальнейшем такой неспецифический, «технический» способ решения языковой проблемы, в частности, стремление втиснуть живой язык в прокрустово ложе абстрактных методик, может нанести непоправимый вред самому языку, поскольку такая интенция предполагает его значительное упрощение и «стандартизацию»: «Уже сегодня разговоры о якобы излишней сложности казахского языка и необходимости его коренной «модернизации» – вплоть до изъятия из него составных грамматических форм – вызывают серьезную тревогу».

### КОМПЛЕКС «МЛАДШЕГО БРАТА»

Зефира Ержан говорит, что современный казахский национальный нигилизм проявляется в открытой неприязни к казахскому языку, казахской культуре, нежелании идентифицировать себя с ними. Он базируется на двух китах – посттравматическом синдроме, неизжитых фобиях как наследии репрессий советского периода; а также стойких мировоззренческих установках, которые можно назвать комплексом «младшего брата».

«В настоящем национальный нигилизм активно использует методы национальной сегрегации, стремясь представить казахский народ, его язык и культуру как архаичные и бесперспективные, – говорит эксперт по языку. – Еще одна особенность современного казахского нигилизма состоит в том, что исповедуемые им идеи национальной сегрегации препятствуют гражданской консолидации современного казахстанского общества».

Учитывается ли фактор национального нигилизма отечественной языковой политикой? «Увы, нет, – считает Земфира Ержан. – Так же, как и первостепенная необходимость обширнейшей и многовекторной работы по созданию языкового поля».

Она уверена, что именно в этой сфере можно было продуктивно использовать тот опыт языковой и культурной политики СССР, который заключался в массовости участия в них населения страны, креативном творческом характере проектов, активном привлечении искусств.

### ЭФФЕКТ ВТОРИЧНОЙ КОЛОНИЗАЦИИ

Как искусствовед и эксперт по языку, Земфира Ержан с сожалением отмечает, что отечественная языковая и культурная политика ограничились использованием «в снятом виде» тех или формальных положений, не ставя перед собой задачу понять основные механизмы эффективно работающей советской системы. Получился эффект вторичной колонизации. Так и не добившись планируемых целей в сфере укрепления позиций казахского языка, был взят новый курс – на освоение английского.

Но, по ее мнению, наша языковая политика реализуется как свод чиновничье-бюрократических программ. «Приоритетом должны быть не столько обучающие методики, сколько работа по формированию языковой среды, которая позволяла бы применять самые разные методики», – уверена она.

По ее мнению, казахи живут в условиях культурной революции столетней давности, которая вытеснила казахский язык из разных сфер общественной жизни.

На ту культурную революцию мы должны ответить культурной эволюцией, считает она. Для того чтобы преодолеть национальный нигилизм, который является главным препятствием для развития казахского языка практически на всех уровнях: от бытового до уровня создания концепций школьного образования.

В качестве такой эволюции Земфира Ержан предлагает проект по изучению национального эпоса. «Национальный эпос, будучи актуализирован в современном языковом поле, мог бы предотвратить процессы креолизации казахского языка. Он мог бы стать основой для культурного просвещения и совершенствования ментальных навыков наших соотечественников, необходимых в современном высокотехнологичном мире».

**Ботагоз СЕЙДАХМЕТОВА**
*exclusive.kz*

# Что происходит с казахским языком?

**У каждого – свой взгляд на праздничные даты, который формируется, в том числе, в зависимости от сфер профессиональных интересов и ожиданий. Поскольку я занимаюсь изучением языковой проблематики, включающей ряд важных аспектов функционирования современного казахского языка, то вынуждена констатировать, что 27 год своей независимости Казахстан встречает с нерешенными и порядком запутанными вопросами в этой сфере.**

Судя по всему, языковая ситуация будет ухудшаться и далее, так как в настоящее время в стране нет сколько-нибудь представительных сил, способных изменить ситуацию к лучшему. Ну, нет у нас ни одной, хотя бы мало-мальски оформленной, социальной прослойки, которая была бы заинтересована в таких изменениях. Вот это и настораживает.

Языковая реальность такова, что всех устраивают бессилие, беспомощность и одно лишь формальное присутствие казахского языка в современной жизни суверенного Казахстана. В качестве наглядного примера, подтверждающего это пессимистическое наблюдение, хочу привести одну из привычной череды безграмотных надписей на алматинских билбордах – «Бұл әлемге көбірек жақсылық қажет». (Снимок сделан на днях, на письма и обращения, которые были отправлены и переданы в офис Coca-Cola в Алматы в период с 22 ноября текущего года, ответа нет.)

А теперь задумаемся, почему этот безграмотный лайн, вступающий в противоречие с законом о языках, почти месяц находится в публичном пространстве?

В процессе поиска ответа на этот вопрос нам придется с сожалением убедиться в том, что казахский язык в современном казахстанском и казахском обществе никому не нужен. Похоже, начиная с некого периода, казахский язык в нашей стране стал восприниматься в большей мере как орудие для политических спекуляций, нежели как важнейшее и необходимое условие для развития государства. А ведь если мы хотим жить в независимом и процветающем Казахстане, то мы должны проявлять заботу о своем государственном языке. Это – архиважное условие нашей гражданской состоятельности.

Но что мы видим?

Алматинский акимат, в ведении которого находится контроль за грамотностью городской среды, не выполняет свои обязанности. То есть принятые государственные законодательные акты не реализуются.

СМИ, которые выходят на казахском языке, не проявляют интереса к этой теме; молчит национальная интеллигенция.

Значительное число этнических казахов, предпочитающих существовать в пространстве других языков, лелеют в себе неприязнь к казахскому языку и испытывают прилив воодушевления всякий раз, когда предоставляется возможность обозвать кого-нибудь «националистом», а то и вовсе – навесить ярлыки «национал-патриотизма», «фашизма».




Так что происходит с казахским языком сегодня? Где ему искать надежную социальную опору? Как казахский язык связан с формированием в стране гражданского общества и есть ли у такого пути перспективы?

**Земфира ЕРЖАН**

**«Шипагерлік баянда» қазақ тарихына қатысты құнды мәліметтер айтылған. Кітаптың басқы бетінде былай жазылған: Хан жарлық дестір жазмыш иегер Өтейбойдақ Тілеуқабылұғлы бин Ұлұ йұз, бин Зарман, бин Албан – әл Құзорда (аудармасы: Хан жарлығымен кітап жазған иегер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы, Ұлы жүз, Зарман, Албан, Құзорда) делінген. Осылайша Өтейбойдақ кітапты кімнің жарлығымен жазғаны, авторы, ата-тегі және қай қалада жазғаны жөнінде анық көрсеткен. Бұл арада айтылған «әл Құзорда» дегені Баласағұн қаласы екенін өзге де тарихи жазбаша деректерден біле аламыз. Құзорда атауы XI–XII ғасырларда өмір сүрген Мақмұд Қашқаридың «Түркі сөздерінің жиынтығы» атты кітабында кезігеді.**

ғасырлық Ақбешім қаласын Баласағұн қаласы деп жариялаған екен. Алайда ол қала Баласағұн қаласы емес екені анықталып келеді.

Өтейбойдақ Құзорда-Баласағұн қаласын кітаптың бірінші бетінде Құзорда деп жазғанымен, одан ары қарай көбінде Ақорда деп атайды. Ақорда атауы қазақ тілінде бұрыннан қолданыста бар, ертеде хандықтың орталығын және ханның сарайын «Ақорда» деп атаған. Ал қазірде Ақорда атауы қолданыстан түскен жоқ. Астанадағы президент резиденциясын Ақорда дейміз. Кейде жалпылама Астананы Ақорда, Елорда дейміз. Өзбектер астанасын Байтақ дегенімен, президент резиденциясын Ақсарай дейді. Кей зерттеушілер Өтейбойдақ жазған Ақорданы Ақ Орда мемлекетімен шатастырады. Бірақ, Өтейбойдақ «Шипагерлік баянды» лынан қайтыс болғаны баяндалады. Бұл мезгіл 1473 жылға тура келеді. Өйткені, 1473 жылдан соң тарихи деректерде Жәнібек хан туралы мәлімет кезікпейді.

Өтейбойдақ «Шипагерлік баянды» Құзорда-Баласағұн қаласындағы Жәнібек хан ордасында 4-5 жылдай уақыт жазумен айналысып, жазылып бітер шағында былай дейді: «Қуанышым ерте болған екен. Сол күні қанқұйлы хан Темір ойда жоқта қанды қырғын бастады да, Жәнібек хан қаза болды. Мен жан сауғалай жазған дүниелерімді көтеріп, босқындармен бірге Ақ ордадан қашып, әрең құтылып, «есі бар елін табар» деп, туған мекеніме тарттым. Аптыққан Темір көрінде өкіргір... Ел кезу қайта салтым болды. Жазғаным соңғылыққа сарқын болмақ... дейді.

Өтейбойдақтың қанқұйлы хан

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ АСТАНАСЫ ҚАЙ ҚАЛА?

## Бұл туралы «Шипагерлік баян» не дейді?

Онда: «Ұлұш – қала, қыстақ (Шылгылше). Баласағұн мен оның жанындағы Арғу шаһарларында тұратын халықтардың тілінде «ұлұш» сөзін «шахар» дейді. Баласағұн шаһарын «Құзұлұш» деп атайды. Орду Баласағұнға жақын қала, Баласағұнды да «Құзорду-Құзорда» дейді деп, Баласағұнның екінші атауы болғанын айтады. Қазақ хандығы ең алғаш осы Құзорда-Баласағұн қаласында құрылды. Қазақ хандығы алғаш құрылғанда астанасы Созақ, Сығанақ қалалары болған деу тарихи шындыққа жанаспайды. Себебі, Керей мен Жәнібек бастаған ел Әбілхайыр хандығынан бөлініп шығып, Әбілхайыр хандығының астанасы Сығанақты және оған таяу маңдағы Созақты бірден астана етуі қисынсыз. Қазақ хандығының тағына Бұрындық хан отырған соң 1480 жылдары Сыр бойындағы қалаларға шабуыл жасау нәтижесінде Сығанақты өзіне қосып, астанасы етті.

Керей мен Жәнібек хан бастаған елге Есенбұға хан Моғолстанның батыс шекарасындағы Шу мен Қозыбасы аралығын бергенін, осы өңірде алғаш рет 1465 жылы Қазақ хандығы құрылғанын Мұхаммед Хайдар Дулатидың деректерінен біле аламыз. Қазақ хандығы алғаш құрылған тұста Моғолстанның астанасы – Алмалық қаласы болды. Ал, Әбілхайыр хандығының астанасы – Сығанақ қаласы еді.

Демек, Мұхаммед Хайдар Дулатидың Қазақ хандығы алғаш Қозыбасы мен Шу алабында құрылды дегені Өтейбойдақтың Қазақ хандығының ең алғашқы ордасы әл Құзорда-Баласағұн қаласында кітап жаздым дегенін одан ары нақтылай түседі. Өйткені, Құзорда-Баласағұн қаласы Шу мен Қозыбасы аралығына орналасқан. Дәл қазіргі орны Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақсу ауылынан 5 шақырымдай Ақтөбе деген жерде. Шудағы ескі қаланың жұртын әу баста ғалым Әлкей Марғұлан Баласағұн қаласы осы болар деп болжап айтыпты. 1974 жылы белгілі тарихшы, археолог, этнолог ғалым Шалекенов Уахит Хамзаұлы бастаған зерттеушілер қазба жұмыстарының нәтижесінде ескі қаланың жұртынан көптеген жәдігерлік бұйымдар тапқан. Шалекеновтың монографиялық еңбегінде, 1939 жылдары Ленинградтық ғалым Александр Бернштам Қырғызстанның Тоқмақ қаласының маңындағы орта




жазған XV ғасырдың екінші жартысында Ақ Орда мемлекеті әлдеқашан өмір сүруін тоқтатқан кез еді.

«Шипагерлік баянда» Өтейбойдақ Жиренше шешен екеуі Қазақ хандығының астанасы Ақордаға (Құзорда-Баласағұн) барып, Жәнібек ханмен кезіккені, Жәнібек хан Жиренше шешенді Қарабас деп атағаны және Жәнібек ханның Жиренше деген баласы болғаны туралы айтылады. Ол туралы кітапта Жәнібек хан Жиренше шешенге: – Жиренше деген атыңды алдың, шешен деген затыңды алдың. Ханзадамның (баласы) да аты Жиренше еді дейді. Анығында, Жәнібек ханның ордасындағы Қанай деген шешен Жиреншені ханға Қарабас деп таныстырған екен. Тарихи деректерге және ауызша жеткен шежірелерге жүгінсек, Жәнібек ханның – Қасым, Жиренше, Таныш, Жаныш, Әдік, Жәдік қатарлы ұлдары болғанын біле аламыз. Ал, Жиренше шешен қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарының фольклорларында кезігетін XV-XVI ғасырларда жасаған ойшыл тұлға.

Бізше, Өтейбойдақтың Ақ ордаға (Құзорда-Баласағұн) алғаш рет барған мерзімі 1469 жылы болған. Демек, ол кезде Керей хан өмірден өтіп кеткені анық байқалады. Себебі, «Шипагерлік баянда» Керей хан туралы ештеңе айтылмайды. Өзге де тарихи деректерде де 1469 жылдан соң Керей ханның аты аталмайды. «Фатх-наме» мен «Шайбани-наме» деректерінде Керей ханның аты аталмай, Барақ ханның баласы Жәнібек ханның аты басқалармен бірге айтылады. Осы деректерге негізделгенде, Керей хан 1469 жылы қайтыс болған.

Жәнібек хан 1469 жылдары билікке шығып, 1473 жылға дейін тақта отырған. Өтейбойдақтың деректерінде Жәнібек хан Өз Темірдің шабуы-

Темір дегені ойрат-қалмақтардың Өз Темір тайшысы. Сол тұста Өз Темір тайшы Оңтүстік өңірге бекініп алып, Моғолстанға, Әбілхайыр хандығына, Қазақ хандығына талай рет шабуылдаған. Ол Тоған ханның немересі. Тоған хан 1420 жылы көшпелі ойрат-қалмақ тайпаларын бірлікке келтірген. Тоған ханның баласы Есен хан. Есен ханның баласы Өз Темір. Өз Темір тайшы әкесінен мұрагерлікті 1457 жылы алған болатын. 1457 жылы Сығанақ қаласының түбіндегі соғыста Әбілхайыр хан Өз Темір бастаған ойраттардан жеңіліс тапқаннан кейін, яғни 1457-1458 жылдары Керей мен Жәнібек бастаған ел Әбілхайыр хандығынан Моғолстанға ауып келді. Олар Моғолстанға келген соң, 8-9 жылдай уақыт Моғолстанға сырттай қарап тұрды.

«Шипагерлік баянда» Есім хан мен оның Айым бикесі туралы оқиға баяндалады. Оны көптеген зерттеушілер Қазақ хандығының1565-1628 жылдары ханы болған Есім ханмен байланыстырады. Осыған қарап кей тарихшыларымыз атүсті оймен «Шипагерлік баянды» XVI-XVII ғасырлардың туындысы деп жүр. Анығында, «Шипагерлік баянда» айтылған Есім хан Моғолстанның 1429-1462 жылдары билік еткенЕсен бұға ханыеді, Бұнда, Есен – өз аты, Бұға дегеніміз – Бура, ол – титулдық есімі. 1465 жылы Жетісуда Қазақ хандығы құрылардан бұрын Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы Моғолстан мемлекетінде өмір сүрді. Сол елдің азаматы болды. Демек, Өтейбойдақтың Есен бұғра хан туралы жағымды әңгімені жазуы орынды. Ал «Шипагерлік баянда» Есен бұғра ханды Есім хан деп шатастырып жазған кейінгі көшірушілердің қателігі болса керек. Түркілерде Бураны, Арыстанды титулдық есім ету үрдісі X-XIII ғасырлардағы Қарахан мемлекетінің дәуірінде де болған. Мысалы, Сатұқ боғыра (бура) хан, Арсылан (арыстан) хан болған, олар Қарахан мемлекетін билеген.

Қазақ хандығының құрылуы – жер бетінде қазақ ұлтының өмір сүруінің басты тірегі болды. Қазақстан – Қазақ хандығының аумағында қайтадан құрылған заңды жалғасы. Өткенді білмей, өткелден өту оңай емес. Тағылымы терең тарихымызды білмей, болашаққа бағадар жасау қиын.

**Ертай ЖОМАРТ**

■ БІЛІМ



# ОҚУШЫ ЖЕТІСТІГІ – ҰСТАЗ МЕРЕЙІ

**Қазақ елінің келешегі – тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың қолында екені сөзсіз. Қазіргі таңда өзге елдермен тереземізді теңестірер, өркениетті елдер қатарына ілестіріп, әлемге көк байрағымызды желбіретер жас ұландар әр өлкеде бой көрсетуде.**

Осындай дарынды, шығармашыл оқушыларымыз – Алматы облысы, Талғар ауданы, Жалқамыс ауылындағы №15 орта мектептің 10 «А» сынып оқушысы Еламан Баймұхан және 11 «А» сынып оқушысы Бауыржан Саламатов. Аталған оқушыларымыз киелі Түркістан қаласында өткен «Рухани қала: баба мұрасын сақтай отырып, көбейтеміз» атты XXXXV Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқан-ды. Екі оқушымыз да жүлделі I орынды иеленіп, Варшава қаласында өтетін Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға



жолдама алды.

Заман талабына сай әр баланың дарындылығын дамыта отырып білім бәйгесінде жүзден жүйрік көрсету – ұстаздардың басты мақсаты десек, осынау үдеден шыға білген білікті маманымыз – Бахыт Рахымжанова екенін атап көрсеткіміз келеді.

География пәнінің мұғалімі Бақыт Мауытханқызы шәкірті Еламан Баймұханға «Адамзаттың ғаламдық жылынуы және оның себептері мен зардаптары» атты ғылыми жобасына жетекшілік етенді. Талмай ізденудің арқасында Республикалық конференцияға қатысқан Еламан жеңіс тұғырынан көрініп мектебіміздің мерейін тасытып отыр.

Тарих пәнінің мұғалімі Еркін Несіпбаевтың жетекшілігімен шәкірті Бауыржан Саламатов «Мәңгілік елдің мәңгілік көсемі – Әлихан Бөкейханов» атты тақырыпты тереңірек зерттеп, өздерінің шығармашыл, ізденімпаз екендігін дәлелдей алды. Шәкірттерінің биік шыңды бағындырып жатқаны әлбетте ұлағатты ұстаздар қауымының ерен еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Бұл тұрғыда Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбеккор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген екен.

Шынында да бар саналы ғұмырын, жастық жолы мен күш қайратын, терең білімдерін шәкірттеріне арнаған ұстаздар қауымына берілген бұдан артық баға болмас. Осы орайда өзім қызмет атқаратын мектеп ұжымындағы өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып жүретін барша әріптестерімнің еңбегі қашан да жаңа берсін демекпін.

**Үміт МҰҚАН**
**№15 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**



Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

## ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

*Көшеде бір кісі бір жігітке:*
*– Жігітім, үйленгенсің бе?*
*– десе, әлгі жігіт:*
*– Жоқ, түрім өзі сондай! – деген екен.*

***

*Екі таныстар жолығып қалады:*
*– Жағдайың қалай?*
*– Жақсы. Жақында әйтеуір бір жерге жұмысқа тұрдым.*
*– Қанша айлық аласың?*
*– Күнделікті нанға жетеді, әйтеуір.*
*– Сонда күніне 100 теңгеден табасың ба?*

***

### ҚОЖАНАСЫР ҚАҒЫТПАЛАРЫ

*Ел басқарған бір ханның анда-санда өлең жазатын өнері бар екен. Бір күні «сөз өнеріне жетік адам ғой» деп, Қожанасырды ордасына шақырыпты да, жазғандарын оқып беріпті. Қожекең де бетің бар, жүзің бар демейтін турашыл адам:*
*– Өлеңің өлең емес!*
*– деп бір-ақ кесіпті. Ызаланған хан оны зынданға қамап тастайды. Бірнеше күннен соң ашуы басылған әлгі хан Қожекеңді зынданнан шығарып алып, жаңа жырларын оқиды. Ол өлеңдерін оқып біте бергенде, Қожанасыр орнынан тұрып жүре берсе керек. Аң-таң болған хан:*
*– Әй, қайда барасыз? – десе, Қожекең:*
*– Қайда болушы еді, зынданға да, – деген екен.*

***

*Аң аулауға кеткен Қожанасыр кешкісін үйге ашуланып кіріп келіп:*
*– Түлкі деген кәдімгі ит екен ғой! –депті. Әйелі:*
*– Не болды сонша?*
*– Орманның шетінде бір түлкі қашып бара жатыр екен. Көздеп тұрып, дәл тигіздім. Бірақ қасына барсам, ол түлкі емес, ит болып шықты.*
*– Біздің Ақтөс пе?!.*

№50-51 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы



**Тамақ салатын арнайы ыдыс – контейнерлерден пайдалану жылдан-жылға көбейіп келе жатыр. Бұл – табиғи жағдай. Себебі, онымен тамақты өзіңмен бірге алып жүру өте қолайлы. Зерттеулерге қарағанда күнделікті тұтынатын азығымызды мұндай пластик контейнерлермен алып жүру (немесе сол ыдыстағы тамақты жеу) адам денсаулығына қауіп төндіреді екен. Бір сөзбен айтқанда – зиян.**

# ПЛАСТИК ЫДЫСТАР АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІПТІ



**Не үшін тамақты контейнерде сақтау қауіпті?**

Пластик ыдыстар өткен ғасырдың орталарынан бастап өндіріле бастады. Олар алғаш рет «Tupperware» маркасымен сатылымға шықты. Бұл маркадағы тамақ сақтайтын ыдыстар қазір де бар. Аталған компания әр-түрлі пішіндегі сапалы ыдыстар өндіреді. Бірақ, барлық контейнер өндірушілер сапалы ыдыстарды жасай бермейді.

Контейнер-ыдыстар негізінен поликорбонат пластигінен жасап шығарылады. Тамақты микротолқынды пешке салып қыздыру кезінде Бисфенол А деп аталатын химиялық элемент бөлінеді. Оны пластик ыдысты қатайту үшін 50 жылдан бері пайдаланады. Қыздыру кезінде химиялық элемент тамақ құрамына өтеді екен.

**Бисфенол адам ағзасына несімен зиянды?**

Бисфенол – эстрогеннің баламасы. Ол ми мен репродуктивті жүйеге әсер етеді. Бисфенол – жүкті әйелдер мен бала емізетін аналар үшін өте қауіпті элемент. Бұл химиялық элементтің ана ағзасына түсуінің соңы баланың кеміс болып туылуына алып келеді. Сонымен бірге, бисфенол қатерлі ісік ауруларын дамытады.

Әсіресе, балаларға пластик ыдыспен сүт беруден аулақ болыңыз. Құрамында бисфенол бар мұндай ыдыстар сәби тісінің дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан дәрігерлер үнемі пластик ыдыстардан пайдаланбау керек екендігін айтады.

*massaget.kz*

# ҚАЗАҚ ЦИРКІНІҢ ҒАЖАЙЫП ТАРТУЫ

■ ӨНЕР

**Жыл сайын балаларға базарлық жасаудан танбайтын Қазақ циркінің биылғы тартуы «Жаңа жылдық Судоку» деп аталды. Жаңа бағдарламаны көрерменге жете таныстыру мақсатында БАҚ өкілдерімен баспасөз мәслихаты өткізілді.**



Шара барысында журналистер тарапынан қойылған сан түрлі сауалдарға жауап берген ұжым мүшелері жаңа қойылымның ерекшелігі туралы кеңінен әңгімелеп берді.

«Қазақ мемлекеттік циркінің атынан барша қазақстандықтарды келіп жеткен Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Әрбір шаңыраққа шаттадыман шаттық пен бақ-береке тілеймін.

Қазақ циркі дәстүр бойынша биылғы жаңа жылға тамаша тарту жасамақ. Мұны бірегей цирк қойылымы десек артық айтқандық емес. Өйткені, осы жолғы «Жаңа жылдық Судокуда» цирк өнерінің барлық жанры түгелімен қамтылып отыр. Алпыс бес адам өнер көрсететін бұл цирк шоуының шырайын алыс жақын шетелдерден келген талантты өнерпаздарымыз кіргізе түспек. Сондай-ақ, бұл қойылымның тағы бір ерекшелігі – нәзікжанды аруларымыздың ат үстінде жасайтын айрықша трюктері. Ендеше, қазақ циркіне қарай асығыңыздар», – деді Қазақ Мемлекеттік циркінің директоры Бақыт Бөкебаев.

Журналистер баспасөз мәслихатынан кейін балаларымен бірге жаңажылдық қойылымды тамашалады. Өзіне баурап алған сиқырлы ертегінің желісі де ә деген бетте-ақ ерекше өрбиді. Жапон рухы Эмма өзінің жауыз нөкерлерімен көрермендерді жаңа жыл мейрамынан айырмаққа әрекеттенеді. Осылайша қара күштер жаңа жылдық Судокуды ұрламаққа бекінеді. Жаңа жылды құтқару үшін балаларға супер батырлар көмек қолын созады. Олар цирк артистерімен, үйретілген аңдармен және көрермендермен құпия Судокудың сиқырлы сандарын табуға кіріседі.

Барлық цирк шоуына қатысушылар ертегі әлемінің жаңажылдық шытырман оқиғаларын бастан өткізеді. Олар қатыгез күштердің кедергісіне қарсы төтеп беруге тиіс. Ертегі аяқталар тұста Ақшақар өз



көмекшілерімен сүйкімді қояндармен мейірімді аюлармен шығып кештің ажарын аша түседі. Жан-жануарлар жаңажылдық сыйлық әкелуге қол ұшын берсе, Аяз Ата пиксель супершоуын тарту етеді. Сиқырлы сандар күшімен жаңажылдық судокудың шешімі табылады. Сахна төрінде керемет шырша жарқырап, жаңа 2019 жыл табалдырықты аттайды.

Осынау тамаша шоуды халыққа сыйлап, үлкенді де кішіні де керемет көңілкүйге бөлеген артистерге көрермендер де тоқтаусыз қол соғып қошеметтерін аямады.

Бұл тұрғыда сонау Испаниядан қазақ еліне табан тіреген халықаралық цирк өнер фистивальдарының бірнеше дүркін лауреаты, клоун Армен Асирянц, Мәскеудегі Ю.Никулин циркінің қызметкері, бос сатыдағы эквилибрист-жонглер Кристина Гук, атты-акробатикалық «Номад» тобының артисі Альфия Құнғожинова, спорт гимнастикасының әлем чемпионы, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері, «Батуттағы акробаттар» номерінің жетекшісі Сергей Федорченколардың еңбегі ерен екендігін айрықша атап өту ләзім.

Қазақ циркінің тізгінін ұстаған білікті басшы Бақыт Бөкебаевтың іскерлігімен ұжымда еңбек етіп жүрген әрбір қызметкердің ізденімпаздығымен күн санап қарқынды дамып келе жатқан Қазақ циркіне көрерменнің алғыстан басқа айтары жоқ.

«Жаңа жылдық Судоку» қаңтардың 7-ші жұлдызына дейін жалғаспақ.

**Гүлмира БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**
*qazaquni.kz*

*Құттықтаймыз!*



# *НҰР-АЙланып, шырайлана бер, НҰРАЙ!*

Бүгін Астанадағы Алтынбай бауырымыз бен Алма келініміздің сүткенжелері, біздің сүйкімді Нұрай қызымыздың туған күні! Астананың аязын Нұрайдың қуанышы жылытып тұр десек те болады.

«Алтын Алма» отбасылық ансамблдің ең кішкентай және ең басты мүшесі Нұрай Сәдуақас ән айтқанда елді сүйсіндіретін, би билегенде мың бұралатын талантты қыз. Әлемге әйгілі ақын Мұхтар Шахан атасы рухы әндерін қазір белгілі әншілерге емес, осы біздің Нұрайымызға сеніп тапсырады. Атақты ақынның шығармашылық кештерінде де Нұрай өнер көрсетіп жүр. Өйткені, Нұрай қандай нәзік, кішкентай болғанмен, керісінше дауысында күшті рух пен әсем әуез бар.

Атыңа сай Нұр-Айланып, шығармашылықта шырайлана бер, Нұрай қызымыз!

***Аспанында өнердің қалықтағын,***
***Күреседі ұлты үшін анық дарын.***
***Алла жар боп, Жұлдызың жарқырасын,***
***Әуеніңмен әлемді шарықтағын!***

**Ақ тілекпен, Қазыбек атаң,**
**Жәннат апаң және Әзірет-Шырын,**
**Қаныш, Әмина, Имanғали**

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент – Редакторлар кеңесінің төрағасы – Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ (8-702-931-89-86)
Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН (8-702-688-84-87)
Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)
Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА (8-701-111-61-05)
Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ (8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН (8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)
Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ (8-775-998-15-39)
Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)
Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР (8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН
Тарату бөлімі:
Алматыда:
Мағжан НҰРҒАЛИЕВ (8-702-466-27-02)
Астанада:
Көбей ЖЕТІБАЙ (8-775-665-74-10)
Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),
Астанада «Алты Алаш» (87015728847) дүңгіршіктерінде сатылады
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).
Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.
Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.
Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй
Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31
E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz
Кезекші редактор – Дастан ЕЛДЕС
ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ
(А) – материалдың жариялану ақысы төленген

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

***«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:***

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 ай | қала | 379,24 | 3 ай | қала | 1137,72 | 6 ай | қала | 2275,44 | 12 ай | қала | 4550,88 |
| 1 ай | ауыл/аудан | 397,86 | 3 ай | ауыл/аудан | 1193,58 | 6 ай | ауыл/аудан | 2387,16 | 12 ай | ауыл/аудан | 4774,32 |